



ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ ҮМІТІМІЗДІ АҚТАЙ МА?

→3



«НЕТ РАДОСТИ ОТ ПОБЕД»

→9



ОН БЕС ЖЫЛ ТОЛДЫ ҮЛКЕН ЖҮРЕК ТОҚТАҒАЛЫ

→12

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық апталық

qazaqsporty.kz

№43-44-45 (5396) 3 желтоқсан 2022 жыл

Газет сенбі күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru



ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІ ӨЗІНЕ ҚАРАТҚАН МУНДИАЛЬ



ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІҢ СПОРТ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ ТАҒАТСЫЗДАНА КҮТКЕН ФУТБОЛДАН 2022 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ОЙЫНДАРЫ БЕЛ ОРТАСЫНАН АСТЫ. 20 ҚАРАШАДА ҚАТАРДЫҢ ӘЛ-ХАУР ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН «ӘЛ-БАЙТ» СТАДИОНЫНДА БИЫЛҒЫ АЛА ДОП АЛАМАНЫНЫҢ РЕСМИ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТІП, АРТЫНША ҚАТАР МЕН ЭКВАДОР ҚҰРАМАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МАТЧПЕН ТУРНИРДІҢ ШЫМЫЛДЫҒЫ ТҮРІЛДІ.

→4-7

БАСПАСӨЗ-2023

Мырзағали АЙТЖАНОВ, Бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ҚҰРМАНҒАЛИЕВ ПОРТУГАЛИЯДА ТОП ЖАРДЫ

**ҮСТЕЛ ТЕННИСІНІҢ ШЕБЕРІ АЛАН ҚҰРМАНҒАЛИЕВ
ПОРТУГАЛИЯНЫҢ ВИЛА-НОВА-ДА-ГАЙЯ ҚАЛАСЫНДА
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ ТОП
ЖАРДЫ.**

Спортты дамыту дирекциясының мәліметі бойынша, жерлесіміз 15 жасқа дейінгі ойыншылар арасындағы жарыста үздік шықты. Ол финалда

аустралиялық Адитья Саринді 3:2 есебімен қапы қалдырып, алтыннан алқа тақты. Оған дейін Алан жартылай финалда румын Рашец Куэсдиннен,

ширек финалда тунистік Васим Эссидтен 3:2 есебімен басым түскен. Ал топтық кезеңде француз Натан Артур Пиларды ұтты (3:0).

Сондай-ақ үстел теннисінің шебері 19 жасқа дейінгі спортшылар арасында да бақ сынаған. Бұл санатта ол ширек финалда жапониялық Реичи Есиямадан айласын асыра алмады.



МЕКСИКАЛЫҚПЕН ЖЕКПЕ-ЖЕККЕ ШЫҒАДЫ

**БҮКІЛӘМДІК БОКСШЫЛАР ҰЙЫМЫ (WBO) ЖУЫРДА
ФАНА ОРТА САЛМАҚТА АТАЛҒАН НҰСҚА БОЙЫНША
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАҒЫН СӘТТІ ҚОРҒАҒАН ЖӘНІБЕК
ӘЛІМХАНҰЛЫН МЕКСИКАЛЫҚ ХАЙМЕ МУНГИЯМЕН
ЖҰДЫРЫҚТАСУҒА МІНДЕТТЕДІ.**



26 жастағы Хайме Мунгия – өте мықты боксшы. Мексиканың Тихуана қаласының тумасы 2013 жылдан бері кәсіпқой рингте күш сынасып жүр. Осы аралықта 41 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. 33 қарсыласын есінен тандырды. 2018 жылдың көктемінде ол америкалық Садам Әлиді төртінші раундта ұрып жығып, бірінші орта салмақта чемпиондық атаққа қол жеткізді. Кезінде Мунгия Лнам Смит, Брэндон Кук, Патрик Алотти, Гарри О’Салливан, Туреано Джонсон, Камил Шеремета, Габриэль Росадо, Димитриус Баллард, Джимми Келли сынды танымал боксшыларды оңдырмай сабаған. Соңғы рет ол өткен аптада Гвадалахарадағы жекпе-жекте Аргентинаның әлеуетті

боксшысы Гонсало Гастон Корианы үшінші раундта нокаутқа жіберді. Хайме – солақай боксшы. Оның бойы – 183 сантиметр. Сонымен қатар мексикалық маркаса оң қолымен де жақсы соққы жасай алады.

Біздің Жәнібек те осал жігіт емес. 29 жастағы қазақтың қайсар ұлы кәсіпқой рингтегі 13 кездесуін жеңіспен аяқтап, сегіз бәсекеде айқын басымдық танытты. Жоғарыдағы жаңалықты естіген бетте Жәнібек Твиттерде «Егер Мунгия келіссе, мен оны нокаутқа жіберемін. Одан кейін келесі жылдың аяғында «Канеломен» күш сынашуды көздеп отырмын», деп жазды. Енді қос тарап 15 күн аралығында ортақ мәмілеге келуге тиіс.

ДЖОКОВИЧ ТАҒЫ ДАРАЛАНДЫ

**ИТАЛИЯНЫҢ ТУРИН ҚАЛАСЫНДА
ЖҮЛДЕ ҚОРЫ 14 750 000 АҚШ
ДОЛЛАРЫН ҚҰРАҒАН АТР-ДІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ТУРНИРИ ӨЗ МӘ-
РЕСІНЕ ЖЕТТІ. БҰЛ ЖАРЫСТА
ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ТЕННИСШІЛЕРІ
ӨНЕР КӨРСЕТТІ.**

Бақ сынаушылар қатарында испаниялық Рафаэль Надаль, норвегиялық Каспер Рууд, канадалық Феликс Оже-Альясим, америкалық Тейлор Фритц (жасыл топ), грекиялық Стефанос Циципас, ресейлік Даниил Медведев пен Андрей Рублев және сербиялық Новак Джокович (қызыл топ) сынды дүлдүлдер болды. Әлемнің бірінші ракеткасы Карлос Алькарас жарақатына байланысты бұл турнирге қатыспады. Әр топтан үздік шыққан екі ойыншы жартылай финалға жолдама алды. Бұл межеде Рууд Рублевті, Джокович Фритцті жеңді. Ақтық айқас Сербия мен Норвегияның теннисшілері арасында өтті. 1 сағат 34 минутқа



созылған тартыс 7:5, 6:3 есебімен алғашқысының пайдасына шешілді.

Осылайша, Новак Джокович қорытынды турнирде бесінші рет топ жарды.

16 БАЛУАН ОҢБАЙ ЖЕҢІЛДІ

**АҚШ-ТЫҢ НЬЮ-ЙОРК ҚАЛАСЫНДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН
БИЛЛ ФАРЕЛЛ МЕМОРИАЛЫ АЯҚТАЛДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН
БІЗ БҰРЫМДЫ БАЛУАНДАРЫМЫЗ ТӨРТ ЖҮЛДЕ ЖЕҢІП
АЛҒАНЫ ЖАЙЫНДА ЖАЗҒАН ЕДІК.**

Еркін күрес шеберлері арасында өткен жарыста Қазақстанның 16 балуаны өнер көрсеткенімен, өкінішке қарай, солардың бірде-біреуі жеңіс тұғырына көтеріле алмады. Бізге қарағанда қырғыздар әлдеқайда жақсы нәтиже көрсетті. Аталған мемлекеттен Тайырбек Жұмашбекұлы (65 келі) мен Орозобек Токтомәбетов бас жүлдені олжалады. Осы көрсеткішінің арқасында айырқалпақтылар

жалпыкомандалық есепте үшінші орынға тұрақтады. Ал көш басында – АҚШ құрамасы. Боз кілем қожайындары арасынан Зейн Ричардс (55 келі), Ян Паркер (70 келі), Эрик Шульц (92 келі), Майкл Маккиавелло (97 келі) және Ник Гваздовски (125 келі) топ жарды. Екінші орынды Украинаның өрендері иеленді. Бұл команданың мүшелері арасынан Андрей Яценко (61 келі), Василий Михайлов (79



келі) және Мұхаммед Әлиевке (86 келі) тең келер ешкім табылмады.

Сондай-ақ жүлде алғандар

қатарында Эквадор (1 күміс), Армения (1 күміс), Грузия (1 күміс) және Израиль (1 қола) өкілдері болды.

НӘТИЖЕ КӨҢІЛДЕН ШЫҚПАДЫ

**НИДЕРЛАНДТЫҢ ХЕРЕНВЕН ҚАЛАСЫНДА КОНЬКИ
ТЕБУДЕН ӘЛЕМ КУБОГІНІҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ АҚТАЛДЫ.
БҰЛ ЖАРЫСТА 28 МЕМЛЕКЕТТЕН КЕЛГЕН 330-ҒА ТАРТА
СПОРТШЫ БАҚ СЫНАДЫ.**

Қызғалдақтар елінде Қазақстанның тоғыз өрені өнер көрсеткенімен, олардың бірде-біреуі жеңіс тұғырына көтеріле алмады. Басты үмітіміз – Екатерина Айдова еді. Олимпия ойындарына төрт рет қатысып,

Дүниежүзілік Универсиадада екі қола медаль иеленген тәжірибелі конькишіміз 1 000 метрлік сайыста 12-орында қалып қойды. Оның көрсеткіші – 1:16.08. Бұл қашықтықта нидерландтық Ютта Лердам (1:13.77) алдына

жан салмады. Оның командалық әріптесі Изабель Гревельт (+0.15) екінші орын алса, жапониялық Михо Такаги (+0.77) үшінші сағыға табан тіреді. 1 500 метрлік қашықтықта Айдова 14-орынды қанағат тұтса, Надежда Морозова төртінші сағыға тұрақтады. Бұл бәсекеде жергілікті конькиші Антуанетта де Йонг бас жүлдені олжалады.



АУСТРАЛИЯҒА АТТАНАДЫ

**28 ЖЕЛТОҚСАН МЕН 8 ҚАҢТАР АРАЛЫҒЫНДА АУСТРАЛИЯДА ТЕННИСШІЛЕРДІҢ
UNITED CUP АРАЛАС КОМАНДАЛЫҚ ТУРНИРИНІҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛЕДІ. БҰЛ ЖАРЫСТА
18 КОМАНДА БАҚ СЫНАЙДЫ.**

Жасыл құрлықтағы Сидней, Брисбен және Перт қалаларында өтетін дүбірлі долада Қазақстан құрамасы да өнер көрсетеді. Жерлестеріміз Польша және Швейцариямен бірге В тобында ойнайды. Республикалық теннис федерациясы таратқан мәліметке сүйенсек, аталған турнирде Александр Бублик, Тимофей Скатов, Денис Евсеев, Григорий Ломакин, Юлия Путинцева, Жібек

Құламбаева және Гозаль Айнитдинова сынды танымал теннисшілер ел намысын қорғайды.

Ал өзге топтарда мына командалар өзара шеберлік байқасады: А тобы: Грекия, Бельгия, Болгария. С тобы: АҚШ, Германия, Чехия. D тобы: Испания, Аустралия, Ұлыбритания. E тобы: Италия, Бразилия, Норвегия. F тобы: Франция, Хорватия және Аргентина.

Бетті дайындаған – Заңғар КЕРІМ

АЛМАТЫДА СПОРТТЫҚ БАҒДАРДАН ЖАРЫС ӨТТІ



**АЛМАТЫДА КҮЗГІ АШЫҚ БІРІНШІЛІК АЯСЫНДА
СПОРТТЫҚ БАҒДАРДАН ЖАРЫС ӨТТІ. ОҒАН ЖҮЗДЕН
АСТАМ СПОРТШЫМЕН БІРГЕ ҚР ҰҚҚ ШЕКАРА
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БЕС КУРСАНТЫ ҚАТЫСТЫ.**

Сайран көлінің аумағында болған спорттық бағдарлауда 20-21 жас аралығындағы жастар бақ сынады. Оның арасында 2-оқу дивизионының курсанты Д.Жаңбырбаев үшінші орын алды. 4-оқу дивизионының курсанты Ф.Кайырбек 18-19 жас аралығындағы жастар арасында үздік үштіктен көрінді. Бұл жарыс Ганди атындағы саябақта ұйымдастырылды.

20-21 жас аралығындағы жасөспірімдер тобында 2-оқу дивизионының курсанты Б.Шекербек алдына жан

салмады. Қолындағы картаны дер кезінде жылдам пайдаланып, ондағы берілген пункттерден жылдам өтіп шықты. Осылайша С.Сейфуллин атындағы саябақта жарысқа түскен шекарашы басқалардан оқ бойы озық келіп, бірінші орын алды. Әйтсе де Бекнұр орталығындағы өткен жарыста үшінші орынды иеленді.

Дәл осы саябақта 21-35 жас аралығында төртінші курсанты Е.Бекболатов та өз бағын шынап көрді. Әскери қызметші үшінші орыннан көрінді.

Майор С.Махмудов шәкірттері жарысқа қатысып жатқанда қарап тұра алмады. Ол 40 жастағы ер азаматтар арасында бақ сынап, топ жарды.

Бағдарлау спорты – спорттың бір түрі. Қатысушылар құбылна мен спорттық картаның көмегімен картада белгіленген барлық бағдарлау пункттерінен өтуі керек. Команданың қашықтықты өткен уақыты мен ұпайлары есепке алынады. Жарыс көбіне тау шатқалы мен орманды жерлерде өткізіледі.

Жанат ЖАБЫРБЕКОВ,
ҚР ҰҚҚ Шекара академиясының баспасөз хатшысы

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ ҮМІТІМІЗДІ АҚТАЙ МА?

НЕМЕСЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАРДЫҢ БАҒЫ НЕГЕ ЖАНБАЙ ЖҮР?

ЖАҚЫНДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДА 2024 ЖЫЛҒЫ ФРАНЦИЯНЫҢ ПАРИЖ ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН ХХХІІІ ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА КОМАНДА СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ САПАЛЫ ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН НӘТИЖЕЛІ ӨНЕР КӨРСЕТУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ. ОҒАН ЕЛІМІЗДІҢ СПОРТ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН БАСҚАРМАЛАРДЫҢ, ФЕДЕРАЦИЯЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӨРЕЖЕДЕГІ ТАНЫМАЛ СПОРТШЫЛАР ҚАТЫСТЫ. КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИЫҢҒА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ ДӘУРЕН АБАЕВ ҚАТЫСЫП, СӨЗ СӨЙЛЕДІ.

«Өздеріңізге белгілі, екі жылдан кейін Париж Олимпиадасы. Төртжылдықтың басты додасына осы бастан қызу дайындыққа кірісуіміз қажет. Біз бұған дейін кадрлық, бюрократиялық барлық мәселені шештік деп ойлаймын. Бірақ бізді одан да үлкен, жауапты жұмыстар күтіп тұр. Париж Олимпиадасы кәсіби дайындығымыздың көрсеткіші болмақ. Нәтижеге жету үшін федерация басшылары, жаттықтырушылар, бапкерлер, тиісті сала мамандары жеке-жеке жауапты болады. Токио мен Бейжің олимпиадалары спортшыларымыздың дайындығына қатысты мәселенің күрделеніп кеткенін көрсетті. Бүгінде спортты дамыту үшін үлкен қаржы бөлініп, қолдау көрсетілуде. Қажетті жағдайлар да жасалып жатыр. Дегенмен министрлік қайырымдылықпен айналыспайды. Сондықтан әр теңге үшін қатаң сұрау болады. Мұны осында отырған әрқайсысыңыз есте сақтауға тиіссіздер», - деді министр.

Бұдан кейін Спортты дамыту дирекциясының директоры Оралбай Жақсымбетов сөз алып, Парижде 329 медаль жиынтығы ойналатынын айтты. Еліміздің құрама командалары осы жылдың басынан бері 19 әлем чемпионатына және 20 Азия чемпионатына қатысып, 140 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 35 алтын, 40 күміс, 65 қола бар. Үстіміздегі жылдың соңына дейін біздің спортшылар тағы 3 әлем біріншілігіне және

3 Азия чемпионатына қатысатынын баяндады.

Сондай-ақ алқалы жиында Спорттық медицина және оңалту орталығының директоры Азамат Нұрматов, Ұлттық допингке қарсы орталықтың директоры Майра Бақашева, «Дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК директоры Қыдырбек Рысбек сөз сөйлеп, өз салалары бойынша атқарылып жатқан іс-шараларды кеңінен баяндап берді. Әр баяндама сыни тұрғыда өткенін де атап өткеніміз орынды дер едім.

Бүгінде Қазақстан ұлттық құрамасының құрамында 45 жазғы олимпиадалық спорт түрінен 5 714 спортшы бар болса, 13 қысқы олимпиадалық спорт түрінен 651 спортшы шұғылданатын көрінеді. Өздеріңіз көріп тұрғандай, спортшыларымыздың саны мақтанарлықтай. Ал сапасына келсек, әрине, ойланып қаларымыз рас. Көпшілік әлі ұмыта қойған жоқ шығар. 2021 жылы Токио Олимпиадасына 95 спортшымыз барып, 8 қола медальді әрең алып қайтқан едік... Тым тереңге бармай-ақ қазақтың жанына тым жақын келетін спорттың түрі күресті алық көрейікші. Биылғы қыркүйек айында Сербия астанасы Белград қаласында күрес түрлерінен әлем чемпионатының өткенін спортсүйер қауым жақсы біледі. Белградта еркін күрестен, грек-рим және әйелдер күресінен 30



медаль жиынтығы сарапқа салынды. «Qazaq» газетінің тілшісі Жасұлан Мәуленұлы «Кешегі Жақсылық, Шәмілдердің ізбасарлары қайда?» атты мақаласында былай дейді: «Өкінішке қарай, күрес түрлерінен әлем чемпионатында қазақ спортшыларының нашар өнер көрсетуі үйреншікті жағдайға айналғандай әсер қалдырады. Әр чемпионат сайын көрсеткіш құлдырап барады. Мәселен, 2021 жылы Ослода (Норвегия) өткен күрес түрлерінен әлем біріншілігінде Қазақстан жалпы командалық есепте 15-орынға тұрақтаса, 2019 жылы Астанада өткен чемпионатта 14-орынды иеленді.

Белград чемпионатында 30 медаль жиынтығы ұсынылған соң, әр құрама 30 спортшы қатыстыруға мүмкіндік алды. Дегенмен бес мемлекет қана Белградқа толық құраммен барды. Олар – Қазақстан, АҚШ, Үндістан, Түркия, Украина. Бұл – бір. Екіншіден, Ресей мен Беларусь спортшылары дүбірлі доладан шеттетілді. Ал үш жыл бұрынғы чемпионатта ресейлік палуандар 9 алтын, 5 күміс, 5 қола медальмен жалпы

командалық есепте көш бастағанын ескерсек, мықты құраманың болмауы өзгелерге жүлдегерлер қатарына қосылуды айтарлықтай жеңілдетті. Бір эттегенайы, қазақстандық палуандар осы екі артықшылықты да пайдалана алмады. Олардың жалпы нәтижесі алдыңғы жылдармен бірдей болды. Еркін күрестен, грек-рим күресінен және әйелдер күресінен біріншілікке толық құраммен барған Қазақстан медаль жиынтығы бойынша 18-орында қалып қойды. Сол отыз спортшының үшеуі ғана ел қоржынына жүлде салды. Бір күміс, екі қола медаль. Салыстырмалы түрде айтсақ, толық құраммен қатысқан АҚШ 15 медаль, Түркия 7 медаль, Украина 6 медаль, Үндістан 2 медаль иеленді. Демек, қазақстандық палуандар қазір әлемдік деңгейде қабілетсіз болып саналады.

Біздің палуандарымыздың көбінің бәсекеге қабілеттілігін төмен деңгейін көрсететін тағы бір статистиканы келтірейік. Белградта палуандарымыз жетпіс рет боз кілемге шығып, соның қырық бірінде жеңіліске ұшырады. Яғни олар жеңгеннен гөрі

әлдеқайда көп ұтылды. Мысалы, қырғыз палуандары 27 жекпе-жекте жеңіске жетіп, 17 жекпе-жекте жеңілді. Құдай-ау, әлемдік деңгей тұрмақ, посткеңестік кеңістікте де, жағдайымыз мәс емес екен. Сербиядағы біріншілікте соған тағы да көз жеткіздік. Медаль жиынтығы бойынша жетпіс жылдай КСРО дейтін бір шаңырақ астында өмір сүрген Қырғызстан, Әзірбайжан, Армения, Молдова, Грузия, Украина елдерінің шаңында қалдық. Қырғыздар мен Әзірбайжандарға тамсана қарадық. Жарты құраммен барған айыр қалпақты ағайындар 2 алтын, 3 қола медаль алса, Әзірбайжан 1 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль еншілеп, қос мемлекет алғашқы жетілікке енді», - дейді журналист.

Күрестің мәселесі жоғарыдағыдай болып тұрғанда спорттың өзге түрлерінен де маңдайымыздың жарқырап тұрғаны шамалы. Бокс мәселесі де өзінше бір жатқан әлем. Жеңіл атлетикада шетелдік спортшыларға жалтақтағанымызға жол болсын. Сонда деймін, қазақ жастары жүгіруді де білмегені ме?.. Кезінде желаяқ Ғұсман Қосанов, Әмин Тұяқов, Бекен Күренкеевтердің ізбасарлары қайда кетті?.. Ауыр атлетикамыздың түрі анау... Жоғарыда министрдің өзі айтқандай, бүгінгі таңда спортшылардың жалақысы мен қаржы мәселесі толық өз шешімін тапқан сияқты. Өз құлағымыз естігендей, жаттықтырушылар мен массажистердің айлығы бес жүз мың теңгеден асатын көрінеді. Ал спортшылардың айлығы одан да жоғары екені түсінікті. Ендеше, спорттық көрсеткішіміз Жаңа Қазақстанда жаңа биікке көтеріледі деген үміттеміз. Нақты нәтиже Париж Олимпиадасы болмақ.

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің
өз тілшісі

ТАЭКВОНДОШЫЛАРДЫҢ БІРДЕ-БІРЕУІ ҮМІТТІ АҚТАМАДЫ

МЕКСИКАНЫҢ ГВАДАЛАХАРА ҚАЛАСЫНДА ТАЭКВОНДОДАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ КЕЗЕКТІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ. БҰЛ ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ 15 СПОРТШЫСЫ БАҚ СЫНАДЫ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ІРІ ДҮРМЕКТЕРДЕ ӘБДЕН ЫСЫЛЫП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДА ЖҮЛДЕ АЛЫП ЖҮРГЕН ТӘЖІРИБЕЛІ ДАЯН ШЕБЕРЛЕРІ ДЕ БОЛДЫ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ТАЭКВОНДОШЫЛАРДЫҢ БІРДЕ-БІРЕУІНЕ АЦТЕКТЕР ЕЛІНДЕ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНА КӨТЕРІЛУ БАҚЫТЫ БҰЙЫРМАДЫ.



Гвадалахарда Жансель Дениз (+73 келі), Смайыл Дүйсебай (87 келі) және Руслан Жапаров (+87 келі) сынды сақа спортшыларға үлкен үміт артқан едік. Олар осыған дейінгі бірқатар байрақты бәсекеде табысты өнер көрсетіп, жарқын жеңістерімен қазақ жанкүйерлерін қуантқан болатын. Бірақ жылдың басты жарысында жерлестеріміз білгендерінен жаңылып, сенім үдесінен шыға алмады. Сондай-ақ Темірлан Тілеулес (54 келі), Самірхан Абабәкіров (58 келі), Камран Нұрадинов (63 келі), Алмат Қожахмет (68 келі), Нұрқанат Қожахмет (74 келі), Рақым Әділханов (80 келі), Рита Бәкішева (46 келі), Ботагөз Қапанова (49 келі), Әзиза Қараджанова (53 келі), Кәмила

Аймұқашева (57 келі), Жадыра Хайруллина (62 келі) және Нұрай Құсайынова (67 келі) да жарты жолға жетпей сүрінді.

Аталған жарыста Мексика спортшыларының мерейі үстем болды. 3 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль олжалаған олар жалпыкомандалық есепте көш бастады. Мексикалықтар арасынан Даниэла Соуза (48 келі), Лесли Солтера (67 келі) және Карлос Сансорес (+87 келі) қарсылас шақ келтірмей, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. «Батыстың інжу-маржаны» аталған шаһарда Қытай (2 алтын+3 күміс+1 қола), Оңтүстік Корея (2+2+1) және Сербияның (2+1+2) әнұраны екі реттен шырқалды. Аспанақты елі өкілдері арасынан Лу Зонши

(57 келі) мен Лиан Юшайдың (63 келі) асығы алшысынан түсті. Кореялықтар қатарындағы Квон-До Юн (68 келі) мен Парк Ву Хектин (80 келі) қарқынына ешкім шыдай алмады. Қарт құрлықтың өрендері арасында Надика Бозанич (73 келі) пен Мехди Ходабақшидин (87 келі) мерейі үстем болды. Сондай-ақ бас жүлде алғандардың қатарында испаниялық Даниэл Куасада (74 келі), өзбекстандық Светлана Осипова (+73 келі), хорватиялық Лена Стойкович (46 келі), бельгиялық Сара Шаари (62 келі), мажарстандық Омар Салим (58 келі), италиялық Вито Делл'Акуила (54 келі) және америкалық Макайла Гринфууд (53 келі) бар.

Бір айта кетерлігі, осы жарыста Өзбекстан құрамасы қазақстандықтарға қарағанда әлдеқайда жақсы өнер көрсетті. Алтыннан алқа таққан Светлана Осиповадан бөлек, Нияз Пулатов (63 келі) күміс медальды еншіледі. Ал Феруза Садықова (62 келі) мен Никита Рафалович (87 келі) қолаға қол созды. Осы нәтиженің арқасында өзбектер жалпы есепте алтыншы орынға тұрақтады.

1993-2019 жылдар аралығында Қазақстанның таэквондошылары әлем чемпионатына 14 рет қатысты. Соның алтауында ғана жеңіс тұғырына көтерілу бақыты бұйырды. Тарқатып айтсақ, 1999 жылы (1 қола), 2003 жылы (1 қола), 2007 жылы (3 қола), 2009 жылы (1 қола), 2017 жылы (1 қола) және 2019 жылы (1 қола). Барлығы – 8 жүлде. Ал сегіз жарыстан қоржынымыз бос қайтты. Міне, солардың қатарына күні кеше ғана Мексикада аяқталған дүбірлі дода еніп отыр. Бұл – отандық даян шеберлерінің тоғызыншы сәтсіздігі.

МЫҚТЫЛАР АЛМАТЫДА АНЫҚТАЛАДЫ

9-11 ЖӘНЕ 16-18 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛЫҒЫНДА АЛМАТЫДАҒЫ «ХАЛЫҚ АРЕНАДА» ШОРТ-ТРЕКТЕН ӘЛЕМ КУБОГЫНҒА ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢДІК САЙЫСТАРЫ ӨТЕДІ. БҰЛ ЖАРЫСТА 30-ДАН АСА МЕМЛЕКЕТТЕН КЕЛГЕН 250 СПОРТШЫ ҚАТЫСАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ОЛИМПИА ОЙЫНДАРЫ, ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕЛЕРДЕ АТОЙ САЛҒАН СПОРТШЫЛАР БАР.

Күні кеше ғана аталған жарыста Қазақстанның туы астында кімдердің өнер көрсететіні белгілі болды. Ерлер арасында Абзал Әжіғалиев, Әділ Ғалиахметов, Денис Никиша, Нұртілек Қажығали, Еркебұлан Шамұханов және Санжар Жанысов ел намысын қорғаса, әйелдер сайысында Ольга Тихонова, Яна Хан, Мәдина Жанбосынова, Анастасия Астраханцева, Алина Әжіғалиева және Алёна Волковицкая өнер көрсетеді. Олардың дені – халықаралық ірі жарыстарда жүлде алып жүрген сақа спортшылар. Сол себепті де біз Алатау баурайында өтетін аса жауапты жарыста өз жерлестерімізден жарқын жеңістер күтеміз. Естеріңізге сала кетейік, Әлем кубогінің алғашқы кезеңі биыл Канаданың Монреаль

қаласында өтті. Үйенкі жапырақтар елінде Қазақстанның ерлер құрамасы командалық эстафетада күміс медальды иеленді. Екінші кезеңді АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласы қабылдады. Сол жерде үш бірдей өреңіміз жеңіс тұғырына көтерілді. Атап айтсақ, Абзал Әжіғалиев (500 метр) пен Денис Никиша (500 метр) күміс алса, Әділ Ғалиахметов (1000 метр) қола медаль иеленді.

Аталған жарыстың бесінші кезеңі 3-5 ақпан аралығында Германияның Дрезден қаласында ұйымдастырылады. Содан дәл бір апта өткен соң Нидерландтың Дордрехт шаһарында финалдық сайыстар өтеді. Ал 10 наурызда Оңтүстік Кореяның астанасында әлем чемпионатының жалауы желбірейді.



ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІ ӨЗІНЕ



← 1

АЛҒАШҚЫ ГОЛ ПЕНАЛЬТИДЕН СОҒЫЛМАҒАН

I ТҮР

20.11.2022 ЖЫЛ

60 мың жанкүйерге арнап салынған «Әл-Байт» стадионындағы ашылу салтанатына келген жанкүйерлер мен телекөрсетімдер корейлік әнші және BTS тобының өкілі Чонгук пен қатарлық әртіс Фахад Әл-Кубайсидің «Dreamers» композициясын, Голливудтың танымал әрі құрметті актерлерінің бірі, «Оскар» сыйлығының лауреаты Морган Фрименнің сахналық өнерін тамашалады. Сондай-ақ ұйымдастырушылар осыған дейінгі әлем чемпионаттарының әнұраны мен бойтұмарларын көрсетімдердің есіне тағы бір мәрте салып өтті.

Ал жиынның ресми рәсімінде Қатар әмірі Тамим бин Хамад Ат-Тани сөз сөйлеп, барша футбол жанкүйерін мундиальдың басталуымен құттықтады. Чемпионаттың ашылу рәсіміндегі ең ерекше оқиғаның бірі ретінде жергілікті қари Ғаним Муфатхтың Құран сүрелерін оқығанын атап өтуге болады. «Әл-Байт» стадионында Әл-Хужурат сүресінің 13-аяты оқылды.

Ресми іс-шаралар аяқталған соң жасыл алаңға жарыс қожайыны Қатар мен әлем чемпионатында төртінші мәрте өнер көрсету мүмкіндігіне ие болған Эквадор құрамалары шықты. Қатар құрамасы әлем чемпионатына турнир ұйымдастырушысы ретінде қатысып жатса, Эквадор футболшылары Оңтүстік Америка құрлығының іріктеу бәсекесінде Перу, Колумбия, Чили және Парагвай құрамаларын артқа тастап, Қатар жолдамасын жеңіп алған еді.

Көпшілік күткендей әлем чемпионатының алғашқы матчы аса тартысты бола қойған жоқ. Эквадор футболшылары бұл кездесуде айқын басымдық танытты. Дегенмен, футбол жанкүйерлері бұл матчы басқа қызығушылықпен тамашалады деп айтуға болады. Себебі чемпионат басталардан бірер күн бұрын интернет әлемінде «Қатар билігі Эквадор құрамасының сегіз футболшысына үлкен сомада қаржы ұсынып, алғашқы матчтағы жеңісті сатып алыпты» деген ақпарат әп-сәтте бүкіл әлемге таралып кетті. Әйтсе де, бұл ақпараттың шындыққа еш жанаспайтынын Эквадор футболшылары матчтың бірінші таймында-ақ дәлелдеп тастады. Ал осы бір антижарнаманың арқасында аталған кездесу дүние жүзінің назарын өзіне аударды.

Сөйтіп, 22-ші әлем чемпионатының алғашқы кездесуінде эквадорлықтар алаң қожайындарын 2:0 есебімен тізе бүктірді. Биылғы біріншіліктің алғашқы голын Эннер Валенсиа 16-минутта пенальтиден соқты. Сондай-ақ ол чемпионаттағы екінші голды да өз еншісіне жазды. Осылайша, әлем чемпионаттарының тарихында алғаш рет жарысты ұйымдастырушы ел тұсаукесер матчта жеңіске жете алмады.

Мына қызықты жайтқа назар аударсақ. Қатар мен Эквадор арасындағы матч 2:0 есебімен Оңтүстік Америкадан келген команданың жеңісімен аяқталғанын жоғарыда айттық. Тарихқа жүгінсек, жарыс қожайындары бұған дейінгі әлем чемпионаттарының бірде-бір тұсаукесер кездесуінде ұтылмаған. Осыған дейінгі бәсекелердің 16-сында алаң иелері басымдық танытса, алтауы тең есеппен аяқталған. Ал жолы бұл сол статистика бұзылып, Қатар өз жерінде қарсыласына есе жіберді. Ал дәл сол ойында алғашқы гол 11 метрлік нүктеден қақпаға енді. Бұған дейінгі жарыстардың ешқайсысында алғашқы гол пенальтиден соғылмаған еді.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҰЛЫ ГОЛ СОҚТЫ

21.11.2022 ЖЫЛ

Әлем чемпионатының екінші күнінде біріншіліктің басты фавориттері ұпайдан шашау шығарған

жоқ. «В» тобының алғашқы турында Англия Ирланды ірі есеппен жеңсе, «А» тобында бақ сынағанын Нидерланд Сенегалды сүріндірді. Ал АҚШ пен Уэльс арасындағы кездесуде жеңімпаз команда анықталмады.

40 мың жанкүйерге арнап салынған Дохадағы «Халифа» стадионындағы Англия мен Иран арасындағы матчта осы әлем чемпионатындағы алғашқы ең ірі есеп тіркелді. Сегіз гол соғылған бәсекеде ағылшындар Иран құрамасын 6:2 есебімен тізе бүктірді. Гарет Саутгейт жетекшілік ететін британиялықтар матчтағы бірінші таймның соңғы 11 минутында шешіп тастады. Кездесудің бірінші голын чемпионаттың және Англия құрамасының ең жас ойыншыларының бірі Джуд Беллингем соқты. Бұл 19 жастағы футболшының ұлттық құрама сапындағы алғашқы голы болды. Сондай-ақ ол Англия сапында әлем чемпионаттары тарихында гол соққан ең жас екінші ойыншы атанды. Біріншісі – әйгілі шабуылшы Майкл Оуэн (18 жас). Тайм соңына қарай Букайо Сака мен Рахим Стрелинг бір мәртеден көзге түсті.

Екінші таймда Сака дубльдің авторы атанып, есепті 4:0-ге жеткізсе, 90 минутқа дейін ағылшындар сапынан Маркус Рэшфорд пен Джек Грилиш өз еншілеріне бір голдан жазды. Ал Иран құрамасынан Мехди Таремі екі мәрте дәлдік танытты. Таремі 65-минутта ойын жағдайында гол соқса, 90+13-минутта пенальтиді сәтті орындады. Осы матчқа төрелік жасаған бразилиялық төреші Рафаэль Клаус бірінші таймға қосымша – 14, екінші таймға 10 минут қосып, әлем біріншілігінің рекордын орнатты. Сөйтіп, бұл матч 117 минутқа созылды.

Әл-Тумама қаласының атымен аталатын стадионда өткен



Сенегал – Нидерланд құрамаларының арасындағы матч тең дәрежеде өткенімен, еуропалықтар соңғы минуттарда жеңісті жұлып әкетті. Сенегалдың бас жұлдызы – Садико Маненің әлем чемпионатына қатыса алмайтыны, матч барысында негізгі құрамның ойыншылары Абду Диалло мен Шейху Куятенің жарақат алып қалуы командаластарына кері әсерін тигізгені анық.

80 минут бойы Нидерландтың шабуылына тойтарыс беріп, ара-арасында өздері де қауіпті сәттерді ұйымдастырып жүрген сенегалдықтар 84-минутта өз қақпаларына гол өткізіп алды. Әуелете асырған допка қақпашы Эдуар Мендиден бұрын жеткен Нидерланд шабуылшысы Коди Гакпо кездесудің есебін ашса, төреші тарапынан қосылған сегіз минуттың соңғысында Дэви Классен құрамасының жеңісін нақтылай түсті – 2:0.

Бір қызығы, Англия мен Иран арасындағы кездесу 117 минутқа созылды. Иран құрамасының қақпашысы Алиреза Бейранвандтың жарақат алуына байланысты төреші бірінші таймға бақандай 14 минут қосты. Екінші таймның негізгі уақыты аяқталғаннан кейін қос команда тағы 13 минут ойнады. Ал оның алдындағы Қатар мен Эквадор арасындағы матч 100 минутқа созылған еді.

«В» тобының екінші матчында АҚШ пен Уэльс құрамалары бірінші турда ұпай бөлісуге мәжбүр болды. Іргетасы 2001 жылы қаланған



Әл-Райян қаласындағы «Ахмед бин Әли» стадионындағы тартысты бәсеке 1:1 есебімен тең аяқталды. Екі құрама үшін де бұл матчтағы басты мақсат – алғашқы турда жеңілмеу болатын. Әсіресе 1958 жылдан кейін әлем чемпионатына алғаш рет қатысып жатқан Уэльс құрамасына жеңілістің құны қымбатқа түсуі мүмкін еді. Дегенмен матчтағы есепті бірінші болып мундиальға мұхиттың арғы бетінен келген АҚШ футболшылары ашты. 36-минутта Кристиан Пулишты әріптесі Тимоти Веаның тамаша гол соғуына мүмкіндік жасап берді.

Мына қызықты жайтты жанкүйерлер білуге тиіс. Америкалықтардың сапында гол соққан Тимоти Веаның әкесі Джордж Веа кезінде теңбіл доптың теңдессіз шебері болған. Ол Либерия құрамасы сапында өнер көрсетіп, үш рет Африканың ең үздік футболшысы атанды. 1995 жылы «Алтын допты» иеленді. Веа – кара құрлық футболының тарихындағы осындай атаққа қол жеткізген тұңғыш және әзірге жалғыз ойыншы. Өзінің спорттық карьерасында Джордж ПСЖ, «Милан», «Челси» секілді белді клубтарда ойнап, көптеген биік белесті бағындырды. Үлкен спортпен қоштасқаннан кейін саясатпен айналысты. 2017 жылы ол Либерияның президенті болып сайланды. Оның үл-

кен ұлы да футболшы. Кіші Джордж Веа АҚШ құрамасы сапында екі ойын өткізіп, Еуропаның бірқатар клубының намысын қорғады. Ал Тимоти Веаның өзі 2000 жылдың 22 ақпанында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында дүниеге келді. Ол Францияның ПСЖ-сы мен Шотландияның «Селтигінде» ойнап, 2019 жылы «Лилльдің» жеңісін киді. Былтыр Тимоти Франция чемпионы атанып, ел суперкубогін иеленді. 2018 жылдан бері Веа АҚШ-тың ұлттық құрамасы сапында өнер көрсетеді.

Сонымен, матч бойы есепті теңестіруге тырысқан Уэльс футболшылары тек 82-минутта ғана өз дегендеріне жетті. Америкалық қорғаушы өз айып алаңында ойын тәртібін бұзғаны үшін төреші АҚШ қақпасына пенальти белгіледі. Бұл – әлем чемпионатының алғашқы төрт матчындағы үшінші пенальти. 11 метрлік нүктеге жақындаған Гарет Бэйл айып добын мүлтіксіз орындап, таразы басын теңестірді. Осылайша, Бэйл өзінің және Уэльс құрамасының 1958 жылдан кейінгі әлем чемпионатындағы бірінші голын соқты.

ӘР ФУТБОЛШЫҒА – 2,5 МЛН

22.11.2022 ЖЫЛ

Бұл күні «С» тобындағы Аргентина мен Сауд Арабиясы құрамалары арасында өтті. Иә,

Оңтүстік Америкадан келген команда аталған жарыстардың басты фавориттерінің бірі екені сөзсіз. Ал Саудия – таза аутсайдер. Осы бәсеке өткенге дейін майталман мамандардан бастап, миллиондаған жанкүйерге дейін дәл осындай пікірде еді.

Жоғарыда аталған қос команданың ойынын тамашалау үшін 88 012 көрермен Лусайлдегі «Ұлттық стадионға» жиналды. Ресми деректерге сүйенсек, бұл спорттық нысан 80 000 көрерменге ғана есептелген. Оның сыртындағы сегіз мыңнан астам адамды аталған стадионның қызметкерлері қай жерге сыйдырғаны бізге беймәлім. Ол жайында ешбір жерде айтылған да, жазылған да жоқ. Десек те сол ойынның куәсі болғандар осы «қымырасыз айкастан» керемет әсер алып, үйді-үйлері мен мейманханаларына көтеріңкі көңіл күйде тарасқаны анық. Бұл кеште тек аргентиналық жанкүйерлер мен Лионель Мессидің тілеулері ғана мұнайды.

Бәсеке бірден Аргентина футболшыларының екпінді шабуылымен басталды. Шабуыл шебінде Месси, Анхель Ди Мария, Лаутаро Мартинес сынды шеберлері бар аса азулы команда бәсеке басталған бетте-ақ Сауд Арабиясы құрамасының тас-талқанын шығаруға бекінді. Алғашқы гол да көп күттірген жоқ. 10 минутта қарсыластар қақпасына пенальти белгіленді. 11 метрлік нүктеге Мессидің өзі келді. Аргентинаның бағына туған ұл мүлт кеткен жоқ – 1:0.

Әрине, аутсайдерге қарсы ойында аргентиналықтардың бір ғана голды қанағат тұта қоймайтыны анық. Толассыз шабуыл одан кейін де бір бәсеңдеген жоқ. Бірінші таймның өзінде олар тағы үш мәрте нысананы дәл көздеді. Бірақ словениялық төреші Славко Винчич бұл голдардың ешқайсысын есепке алмады. Өйткені олардың барлығы да офсайдтан аралығында Лионель Скалонидің шәкірттері ойыннан жеті рет тыс қалды. Сонымен қатар Мохаммед Әл-Увайстың да мінсіз ойынын атап өтуге тиіспіз. «Әл-Хиляльдің» 31 жастағы қақпашысы керемет сейвтер жасап, кемінде бес рет өз командасын аса қауіпті жағдайдан құтқарып қалды.

Саудиялықтар да ара-тұра шабуылдады. Бірақ негізінен олар көп күштерін қорғанысқа жұмсап, өз қақпаларына тағы гол жіберіп алмаудың қамын көбірек ойлады.

Үзілсез кезінде 54 жастағы француз маманы Эрве Ренардың өз шәкірттеріне не айтқаны беймәлім. Бір анығы, 15 минуттан кейін біз мүлде басқа Сауд Арабиясын көрдік. Екінші тайм басталған бетте Салех Әл-Шехри таразы басын теңестірсе, көп кешікпей Сәлем Әл-Давсари өз командасын алға шығарды – 1:2. Бас-аяғы төрт-бес минут аралығында екі гол соққан Азия құрлығының өкілдері одан кейін Аргентина футболшыларының еркін көсілуіне еш мүмкіндік бермеді. Өте сауатты қорғанған олар барлық қауіптің бетін қайтарып, өздеріне қажетті есепті матчтың соңына дейін сақтап қалды.

Осылайша, жер-жаһандағы сан миллион жанкүйер XXII әлем чемпионатындағы алғашқы сенсацияның куәсі болды.

Жоғарыда аталған матчтың шиеленісті өткені соншалық, Аргентина құрамасы шабуылдаған сәттердің бірінде допты кері қайтару үшін жанұшыра алға ұмтыла секірген саудиялықтардың қақпашысы Мохаммед Әл-Увайс өзінің командаласын тізесімен қатты соғып өтті. Басынан алған соққыдан кейін Ясир Әл-Шахрани көпке дейін есін жия алмай, жасыл алаңда жатты. Оны дәрігерлер зембілге салып әкетті. Кейін белгілі болғандай, оның жағы сынып, бет сүйектері қатты шығынап кеткен екен. Осы оқиғадан кейін Саудия билігі қорғаушыны жеке ұшақпен Германияға жеткізуді ұйғарды. Қазіргі кезде Ясирге операция жасалмақ. Міне, кейде жеңіске жету жолында осындай тәуекелге де баруға тура келеді.

Сауд Арабиясының бұл жеңісін әлемдік БАҚ жарыса жазды. Өйткені олар чемпионаттың басты фавориті саналған Аргентина құрамасын алғашқы ойында тобықтан қакты. Сондай-ақ арабиялықтар «альбиселеста» өкілдерінің 36 матчқа жалғасқан жеңіліссіз сериясына нүкте қойды. Оңтүстік Америка өкілі осымен әлем чемпионаттарының тарихында алтыншы мәрте бірінші турда жеңілді. Олар соңғы рет 1990 жылғы додада Камерун құрамасына есе жіберген болатын.

Ал әлем чемпионатына қатарынан екінші рет, жалпы алтыншы мәрте қатысып жатқан арабиялықтар футбол мундиальындағы төртінші жеңісін тойлады. Сауд Арабиясы 1994 жылы АҚШ-та ұйымдастырылған чемпионаттың топтық кезеңінде Марокко (2:1) мен Бельгияны (1:0) жеңсе, осыдан төрт жыл бұрынғы Ресейдегі әлем біріншілігінде Мысыр (2:1) құрамасынан басым түскен еді.

Құраманың осынау тарихи жеңісінен кейін Сауд Арабиясы Королі Салман ибн Әбд әл-Ғазиз әл-Сауд 23 қарашаны бүкіл мемлекеттік демалыс күні деп жариялады. Сөйтіп, футболшылардың 90 минут ішінде



ҚАРАТҚАН МУНДИАЛЬ

жасаған тосынсыйының арқасында тұтас бір мемлекет тұрғындарына бір күндік демалыс берілді. Мемлекеттік қызметкерлерден бастап, жеке секторда жұмыс істеп жүргендер, студенттер мен оқушылардың бәрі демалды. Сонымен қатар БАҚ беттерінде Аргентина құрамасын жеңгені үшін Сауд Арабиясының әрбір футболшысы 2,5 миллион еуро көлемінде қаржылай сыйақы алатыны туралы мәлімет жарияланды.

Ал сол ойында Аргентина құрамасының жалғыз голын пенальтиден соққан Лионель Месси әйгілі Марадона мен Батистутаны артқа тастап, қатарынан төрт әлем чемпионатында гол соққан алғашқы аргентиналық ойыншы атанды. Месси осы жетістігінің арқасында төрт әлем біріншілігінде дараланған Пеле (Бразилия) мен Уве Зеелер және Мирослав Клоземен (Германия) мен теңесіп алды. Өзірге бес әлем біріншілігінде гол соққан тарихтағы тұңғыш футболшы португалиялық Кристиану Роналду екені белгілі.

«С» тобындағы Мексика мен Польша және «Д» тобындағы Дания мен Тунис құрамалары арасындағы кездесуде есеп ашылған жоқ – 0:0. Сәрсенбіден сейсенбіге қараған түні Франция мен Аустралия жасыл алаңға шықты. Дидье Дешамның шәкірттері қарсыластарын менсінбеді ме, әлде жасыл құрлықтың өкілдері адуынды болды ма, әйтеуір солар бірінші болып гол соқты. Мэтью Лекодан жақсы пас алған Крейг Гудвин допты қақпаны тоғытты. Тек содан кейін ғана ес жиған француздар бірте-бірте ойын тізгінін қолға алды. 27 минутта Адриана Рабьо таразы басын теңестірсе, арада бес минут өткен соң Оливье Жиру өз командасын алға шығарды.

Үзілістен кейін де әлем чемпиондарының басымдығы анық байқалды. Өз ойынын тапқан олар аустралиялықтардың қақпасын тағы екі мәрте дәл көздеді. 68-минутта Килиан Мбаппе мергендік таңытса, 71-минутта Жиру дубльдің авторы атанды. Сөйтіп, бұл матч 4:1 есебімен аяқталды.

Франция мен Аустралия арасындағы матчта бірнеше рекордтың мұрты бұзылды. Атап айтқанда, Қатардағы мундиальға әлем чемпионы атағын қорғауға келген «үш жолақты» елдің футболшылары алғашқы ойынында-ақ ірі есеппен жеңіске жетіп, тағы бір ерекше рекорд орнатты. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, әлем чемпиондарының бірде-бірі өздерінің алғашқы матчын ірі жеңіспен бастамаған. Тіпті кейінгі үш чемпионаттағы жеңімпаздар бірінші матчта тегістей ұтылған.

Аустралия қақпасына дубль жасаған Франция құрамасының шабуылшысы Оливье Жиру өзінің ұлттық құрамадағы 50 және 51-ші голын соғып, Тьерри Анридің жетістігін қайталады. 1997-2010 жылдар аралығында Франция құрамасының намысын қорғаған Анри 123 матчта алаңға шығып, 51 гол соққан. Ал 2011 жылы Франция құрамасының жейдесін киген Жиру 51 голды 115-ші матчында соқты. Бұл тізімде Жируды Антуан Гризманн (42 гол) және Карим Бензема (37) өкшелеп келеді.

ЕКІНШІ СЕНСАЦИЯ!

23.11.2022 ЖЫЛ

Футболдан Қатардағы әлем чемпионатында тағы төрт бәсекені тамашаладық. Жасыл алаңға шыққандар қатарында Хорватия мен Марокко, Германия мен



Жапония, Испания мен Коста-Рика, Бельгия мен Канада құрамалары болды. Бұл командалардың барлығы да осы жарыстағы алғашқы кездесулерін өткізді.

Сәрсенбі күні түс ауа Әл-Хаур қаласындағы «Әл-Байт» стадионында Хорватия мен Марокконың футболшылары бой көрсетті. Бірінші кезеңде Златко Даличтің шәкірттері қарсыластарына қарағанда допқа көбірек иелік етті. Бірақ қауіпті сәттер тым аз болды. Ең есте қалғаны, Иван Перишичтің алыстан бағыттаған соққысы және Никола Влашичтің екі рет қақпаны нысанаға алуы. Екі ретінде де Яссин Буну қауіптің бетін қайтарды. Үзілістен кейін де алаңдағы жағдай еш өзгерген жоқ. Хорваттардың сапындағы ең атакты футболшы Лука Модрич бірнеше рет ойын тізгінін өз қолына алуға талпынып көрді. Бірақ одан еш нәтиже шықпады. Соңына таман 37 жастағы ардагер ойыншы да бірте-бірте болдыра бастады. Ал басқаларынан еш қайыр болмады. Сөйтіп, іш пыстырар бұл бәсеке 0:0 есебімен аяқталды.

Көп кешікпей Германия мен Жапонияның жігіттері жасыл алаңға шықты. Әдеттегідей «неміс мәшинесі» допты бірден «меншіктеп» алды. Егер статистикаға жүгінсек, бірінші таймның қорытындысы бойынша допқа иелік ету жағынан олар 80 пайыздық көрсеткішке, яғни айқын басымдыққа ие болды. Және де бірінші голды немістер соқты. 33-минутта Илкай Гюндоган 11 метрлік нүктеден есеп ашты. Иә, негізінде алғашқы допты 8-минутта Жапония құрамасы соққан еді. Алайда ойыннан тыс қалған Дайзен Мазданың бұл голын төреші есепке алмады. Үзілістен кейін жапондар ойын схемасын 4-2-3-1-ден 3-4-3-ке өзгертіп, өздеріне тән жанкештілікпен алға ұмтылды. Иә, бас бапкер Хадзимэ Мориясу бекер тәуекелге бармаған екен. Көп кешікпей олардың бұл тактикасы өз жемісін берді. 75-минутта Рицу Доан және 81-минутта Такума Асану қатарынан екі рет нысананы дәл көздеп, Күншығыс елі өкілдерін алға шығарды. Есеп – 1:2. Сол аралықта Германия құрамасы бірнеше ойыншысын алмастырып, өздерінің тың футболшыларын қатарға қосқанымен, олар да ештеңе өндіре алмады. Таблодағы есеп бәсекенің соңына дейін сақталды. Бұл – биылғы әлемдік доп додасындағы екінші сенсация!

«Испания Қатарға осал жүрамда келді» деп қақыртып айтып жүргендердің Дохадағы «Әл-Тумама» стадионындағы кездесуден соң ауыздарына

құм құйылды. Коста-Рикаға қарсы бәсеке барысында олардың қаншалықты қарулы әрі азулы екені анық байқалды. Бәсекенің басынан аяғына дейін Пирней түбегінің түлектері ойын тізгінін өз қолдарында ұстады. Нәтижесі керемет болды. 11-минутта Дани Ольмо есеп ашса, 21-минутта Марко Асенсио екінші голды соқты. 31-минутта Ферран Торрес пенальтиді сәтті орындады. Екінші таймда испандықтар тағы төрт рет мергендік танытты. Бұл голдардың авторлары – Торрес, Пабло Гави, Карлос Солер және Альваро Мората. Осылайша, «Қызыл фурия» Коста-Риканың қақпасында жауапсыз жеті гол салды – 7:0.

Бұл күндері Бельгия құрамасын жер-көкке сыйғызбай мақтайтындар өте көп. Барлығының айтатыны «Қақпашы Тибо Куртуаның реакциясы керемет. Қорғаныста Тоби Алдервейрелд пен Ян Вертонген тұрғанда олардың айып алаңында еркін көсіле алмайсың. Ал алаңның ортасы мен алғы шепте Кевин Де Брейне, Юри Тилеманс, Аксель Витсель, Эден Азар, Ромелу Лукаку және Миши Батшуайи еркін ойнайды. Олардың тау қопарағындай қарқынына шыдас берудің өзі қиын» дегенге келіп саяды. Шыны керек, бұл кездесуде аталған командадан ондай қарқын байқамдық. Осы матчта жаракатынан әлі де айыға алмай жүрген Лукакудың жоқтығы анық сезілді. Денесі құрыштай құйылғандай бойшаң шабуылшының қиыннан қиыстыра білетін әдеті бар еді.

Канада құрамасы да «оңай алынбайтын қамал» екендерін бірден байқатты. Олар өздерін қорғаныста өте сенімді ойнайтын ұжым екендерін көрсете білді. Шабуыл шебі де осал емес-ті. Бірінші таймның ортасына дейінгі деректерге зер салсақ, канадалықтар қақпаға сегіз соққы бағыттаса, қарсыластарының бір ғана соққы жасауға шама-шарқылары жеткен екен. Ортада допты өз иелігінде ұстай алады. Үйеңкі жапырақтар елінің өрендері бельгиялықтардың барлық шабуылына тойтарыс берді. Олар тек бірінші таймның соңында Миши Батшуайиды ғана тоқтала алмады. «Фенербахченің» шабуылшысы тепкен доп қақпа торынан табылды – 1:0. Ал оған дейін Бельгияның қақпасына екі пенальти белгіленуге тиіс еді. Бірақ төреші Джанни Сиказвенің екі ретінде де VAR-ға жүгінуді жөн көрмеді. Бұл оның өрескел қателігі еді. Десек те замбиялық қазы 11 метрлік нүктені бір мәрте меңзегенін айта

кетейік. Алайда Канаданың футболшылары өздеріне берілген тамаша мүмкіндікті оңды пайдалана алмады. Альфонсо Дэвистиң тепкен добын Тибо Куртуа кері қайтарды. Екінші таймда канадалықтар қарымта қайтарудың барлық амал-әрекетін жасады. Олар қақпаны 22 рет нысанаға алды. Бірақ Куртуаның мінсіз ойынның арқасында ғана Бельгияның қақпасына бірде-бір доп кірген жоқ. Кейбір сәттердегі қорғаушылардың да сауатты ойынын атап өткен абзал. Ал мақтаулы «Қызыл сойқандар» небәрі тоғыз мәрте ғана қақпашы Милан Борянды мазалаған екен.

КҮТПЕГЕН ЕСЕП

24.11.2022 ЖЫЛ

24 қарашада I турдың соңғы ойындары өтті. Атап айтсақ, Швейцария мен Камерун – 1:0, Уругвай мен Оңтүстік Корея – 0:0, Португалия мен Гана – 3:2 және Бразилия мен Сербия – 2:0 есептері тіркелді.

КЕЛЕСІ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

25.11.2022 ЖЫЛ

Бұл күні жарыс қожайыны Қатар екінші турда да сәтсіздікке ұшырап, келесі кезеңге өте алмайтыны белгілі болды. Ал Франция құрамасы ең алғашқылардың бірі болып плей-офф сатысына жолдама алды.

Әлем чемпионаттарының тарихына көз жүгіртер болсақ, Қатар құрамасы жарысты ұйымдастырушы ел ретінде топтық кезеңнен шыға алмаған екінші мемлекет атанды. Алғашқысы – Оңтүстік Африка құрамасы болатын. 2010 жылы ОАР-да өткен құрлық біріншілігінде де жарыс қожайындары топтық кезеңнен әріге аса алмаған еді.

Бірінші турда Эквадордан 2:0 есебімен жеңілген Қатар екінші турда да Сенегал құрамасына жол берді – 3:1. Осылайша, екі матчта да соқыр ұпай олжалай алмаған алаң қожайындары әлем чемпионатында сәтсіздікке ұшыраған алғашқы құрама болды. Сондай-ақ «А» тобындағы екінші матчта Нидерланд Эквадордың осал тұсын таба алмады – 1:1.

«В» тобында бақ сынап жатқан Иран футболшылары бірінші турда Англия құрамасынан оңбай жеңілсе де (6:2), екінші турда тез ес жиып үлгерді. Иран бұл матчта әлем чемпионатына 1958 жылдан кейін алғаш рет қатысып жатқан Уэльс құрамасымен кездесіп, «Ахмед бин Әли» стадионында өткен тартысты кездесудің соңғы минуттарында жеңісті қарсыластарынан жұлып әкетті – 2:0. 90-минутқа дейін бірде-бір голды тамашалай алмаған жанкүйерлер 90+8 және 90+11-минуттарда екі бірдей тамаша голдың куәсі болды. Кездесудің 86-минутында Уэльс құрамасының қақпашысы Уэйн Хеннесси қызыл қағазбен жазаланып, алаңнан қуылды. Бұл – биылғы әлем біріншілігінде футболшыларға көрсетілген алғашқы қызыл қағаз.

Англия мен АҚШ құрамалары арасындағы екінші ойында екі ел футболшылары тең нәтижеге разы болысты – 0:0. Бірінші турда Иран қақпасына алты гол соққан ағылшындар бұл матчта АҚШ қақпасынан саңылау таба алмады. «В» тобындағы екінші тур ойындарынан кейін төрт құрамада да келесі кезеңге шығу мүмкіндігі сақталып қалды. Англия турнир

кеstesінде 4 ұпаймен көш бастап тұрса, кейінгі орындарға Иран (3 ұпай), АҚШ (2), Уэльс (1) құрамалары жайғасқан. Бұл топтың үшінші тур матчтары 29 қарашаға жоспарланған.

Бір айта кетерлігі, Англия әлем чемпионаттары тарихында осымен 12 мәрте қарсыластарымен 0:0 есебімен тең ойнады. Ал АҚШ құрамасы алғаш рет тең нәтижесіне қол жеткізді.

Азия аймағынан қатысып жатқан өзге елдердің нәтижелеріне тоқтала болсақ, алғашқы турда азулы Аргентина құрамасын тізе бүктірген Сауд Арабия құрамасы екінші турда Польша футболшыларымен кездесіп, 2:0 есебімен жол берді. Бұл матчта Петр Зелиньский мен Роберт Левандовский мергендігімен көзге түсті. Топтағы екінші ойында Аргентина Мексиканы жеңіп, алғашқы үш ұпайына қол жеткізді. Месси қатарынан екінші матчта да мергендігімен көзге түскенін айта кетейік. Екінші тур матчтарынан кейін «С» тобында Польша 4 ұпаймен көш бастады. Үш ұпайы бар Аргентина мен Сауд Арабиясы екінші және үшінші орындарды бөлісіп тұр. Мексика бір ұпаймен көш соңында қалып қойды.

Франция қатарынан екі турда да 100 пайыздық нәтиже көрсетіп, 32 құраманың ішінде бірінші болып плей-офф кезеңіне жолдама алды. «D» тобында сыңға түсіп жатқан «үш жолақты» елдің футболшылары бірінші турда Аустралияны 4:1 есебімен тізе бүктірген болса, кеше Мбаппенің дублі арқасында Данияны сан соқтырды – 2:1. 61-минутта әлем чемпионатына қатысып жатқан ең қымбат футболшы Мбаппе есепті ашқан болса, арада жеті минут өткенде Дания футболшысы Кристенсен таразы басын теңестіргенді – 1:1. Ал матчтың 86-минутында Гризманның пасынан кейін Мбаппе Шмейхельді қапы қалдырып, командасына манызды үш ұпай сыйлады. «D» кварталінің екінші жұбында Аустралия құрамасы Тунисті бір гол айырмасымен тізе бүктіріп, әлем чемпионатындағы алғашқы жеңісін тойлады – 1:0. Бұл топта Франция мерзімінен бұрын келесі кезеңге жолдама алды.

МАРАДОНАМЕН ТЕҢЕСТІ

26.11.2022 ЖЫЛ

Сенбі күні қызықты матчтар өтті. Тунис – Аустралия – 0:1, Польша – Сауд Арабия – 0:0, Франция – Дания – 2:1, Аргентина – Мексика – 2:0.

Франция мен Дания құрамалары арасындағы кездесу 2:1 есебімен аяқталды. 61 және 86-минуттарда Килиан Мбаппе нысананы дәл көздеді. Осы дубльдің арқасында ол өзінің отандасы, даңқты Зинеддин Зиданды қуып жетті. Екеуі де ұлттық құрама сапында 31 голдан соқты. Осылайша, ол Жюст Фонтен мен Жан-Пьер Папеннен озып кетті. XX ғасырдың аты тендессіз теңбіл доп шеберлері қарсыластар қақпасын 30 реттен дәл көздеген еді.

Франция құрамасы өз тарихында тұңғыш рет әлем чемпионаттарында қатарынан алты ойында жеңіске жетті. Бұған дейін олар 2018 жылы Ресейде өткен жарыстың плей-офф сайыстарында Аргентина (4:3), Уругвай (2:0), Бельгия (1:0) және Хорватияны (4:2) есебімен ұтқан еді. Ал Қатардағы доданың алғашқы екі турында француздар Аустралия (4:1) мен Даниядан (2:1) басым түсті. 2010 жылы Испанияның футболшылары да дәл осындай көрсеткішке қол жеткізген еді.

Аргентина мен Мексика арасындағы бәсекенің 64-минутында Лионель Месси есеп ашты. Осылайша, ол Аргентинаның аты аңызға айналған футболшысы Диего Марадонамен теңесті. Ұлттық құрама сапында екеуі де сегіз голдан соқты. Бірақ Месси әлі де Габриэль Батистутаға жете алған жоқ. «Багигол» деген жанама есімге ие болған атакты шабуылшы 10 рет мергендік танытқан еді.

ЕКІНШІ СЕНСАЦИЯ!

27.11.2022 ЖЫЛ

Жексенбі күні жасыл алаңға Е тобындағы Жапония – Коста-Рика, Испания – Германия, ал F кварталіндегі Бельгия – Марокко, Хорватия – Канада құрамалары шығып, манызды ұпайларды сарапқа салды.



ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІ ӨЗІНЕ

←4-5

Р тобының екінші тур аясындағы Бельгия мен Марокко арасындағы матчта әлем чемпионатының тағы бір сенсациясы тіркелді.

Бірінші турда 2018 жылғы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері Хорватиямен терезесі тең дәрежеде өнер көрсеткен Марокко екінші турда биылғы біріншіліктің негізгі фавориттерінің бірі болған Бельгияны екі доп айырмасымен сүріндірді. Дохадағы Әл-Тумама стадионында өткен кездесуде 49 жастағы испаниялық маман Роберто Мартинес жетекшілік ететін Бельгия құрамасы қарсыластарына қарағанда әлдеқайда белсенді болғанымен, бірде-бір гол соға алмады. Кездесудің небәрі бесінші минутында Миши Бачуай (Бельгия) есепті ашатын тамаша сәтті мұлт жіберіп алды. Қақпашымен бетпе-бет шыққан шабуылшы допты қақпаның төменгі сол жақ бұрышына қарай тепкен еді. Алайда Марокко қақпашысы Мунир тамаша сәйбімен жанкүйерлердің қоспеметіне бөленді. Бірінші таймның соңына дейін бельгиялықтар қарқынның бір сәтке де бәсеңдетпей, қарсыластары қақпасын торуылдаумен болды. Ал Африка құрлығының өкілдері тек қарымта шабуылға иек артты. Сондай сәттердің бірінде Хаким Зиеш (Марокко) Куртуа қорғаған қақпадан саңылау тапқан еді. Бірақ VAR көмегіне жүгінген төреші Зиештің ойыннан тыс қалғанын анықтап, голды есептемей қойды.

Дегенмен, екінші таймда Марокко футболшылары ойынды өз бақылауларына алып, допка көбірек иелік ете бастады. Кездесудің 73-минутында Әбделхамид Сабири айып добын сәтті орындап, командасын есепте алға шығарды. Роберто Мартинес таразы басын теңестіру үшін тәуекелге барып, алаңға қорғаушылардың орнына шабуылшыларды шығарды. Бірақ бұл өзгерістер де Бельгияны жеңілістен құтқарып қала алмады. Екінші таймға төреші қосқан қосымша минуттарда Закария Әбухлял қақпаны дәл көздеп, есепті 2:0-ге жеткізді. Осылайша, бір жеңіс, бір тең нәтижемен Марокко құрамасы төрт ұпаймен өз тобында екінші орынға көтеріліп алды. Осыдан төрт жыл бұрын Ресей жерінде өткізілген әлем біріншілігінде Марокко топтық кезеңнен өте алмаған болатын. Ал Бельгия құрамасының қола жүлдегер атанғаны баршаға мәлім.

Бұл топтағы екінші матчта Хорватия футболшылары камбэк жасап, Канаданы 4:1 есебімен тас-талқан етті. Матчты «үйенкі тапырақтар» елінің өкілдері сәтті бастағанымен, кездесу соңына дейін есептегі басымдығын сақтап қала алмады. Кездесудің екінші минутында Канада құрамасының ойыншысы Альфонсо Дэвис есеп ашқанымен (бұл биылғы әлем чемпионатында ең жылдам соғылған жалғыз гол болып тұр), хорватиялықтар тоқсаныншы минут түгесілгенге дейін Канада қақпасына төрт гол енгізді. Бірінші таймның 36 және екінші таймның 76-минутында Андрей Крамарич екі рет мергендігімен көзге түсіп, дубльдің авторы атанса, Марко Ливайя мен Ловро Майер өз аттарын бір-бір мәрте таблоға жаздырды.

Хорватия құрамасы бұл жеңісінен кейін плей-оффқа шығу мүмкіндігін сақтап қалды. Ал 1986 жылғы әлем чемпионатынан кейін алғаш рет мундиальға келген Канада футболшылары үшінші турдан кейін біріншіліктегі өз миссиясын аяқтап, елдеріне қайтады.

Бірінші турда «неміс мәшинесін» жарға жыққан Жапония жігіттерінің бұл турда Коста-Рика құрамасын жеңуге шамалары жетпеді – 1:0. Күншығыс елінің өкілдері бар күшін Германиямен өткен ойында сарқып қойды ма екен, әйтеуір бұл матчта көсіліп шаба алмады. Допка иелік ету бойынша Жапония құрамасы қарсыластарына қарағанда сәл алда болғанымен, мүмкіндікті тиімді пайдалану жағынан Оңтүстік Америка өкілінен қалып қойды. Кездесудің 81-минутында Майя Йосиданың бір ғана болмашы қателігін Кейшер Фуллер тиімді пайдаланып, гол соғып кетті. Сюити Гонда допты қайтаруға тырысқанымен, тым кеш қимылдап қойды.

Ал көпшілік жанкүйер тағатсыздана күткен Испания – Германия матчында жеңімпаз команда анықталмады – 1:1. Әлем біріншілігіндегі ең үздік құрамалардың кездесуінде небәрі екі-ақ гол соғылғанымен, матч ете тартысты өтті. Әсіресе бұл кездесуде немістерге үш ұпай олжалау қатты маңызды болды. Себебі бірінші



турда Жапониядан жеңілген Германия құрамасы бұл ойында да үш ұпайдан қағылар болса, онда қатарынан екінші әлем чемпионатында топтан шыға алмай, жанкүйерлері алдында масқара болар еді. Абырой болғанда 2014 жылғы әлем чемпиондары топтағы екінші матчта бір ұпай олжалап, келесі кезеңге шығу мүмкіндігін сақтап қалды.

Испания мен Германия арасындағы матчта немістердің қақпасын Мануэль Нойер қорғады. Бұл – 36 жастағы Нойердің әлем чемпионатында 18-рет жасыл алаңға шығуы. Сөйтіп, ол өзінің отандасы Зепп Майер мен бразилиялық Клаудио Таффарельдің көрсеткішін қайталады.

ҮШ ҚҰРАМА ҒАНА КЕЛЕСІ КЕЗЕҢГЕ ШЫҚТЫ

28.11.2022 ЖЫЛ

Әлемдік теңбіл доп мерекесінің жетінші күнінде жанкүйерлер G және H топтарындағы құрамалардың матчын тамашалады. Атап айтқанда, G тобының алғашқы кездесуінде Камерун мен Сербия, екіншісінде Бразилия мен Швейцария шеберлік байқасты. Ал H тобының квартетінде Корея мен Гана, Португалия мен Уругвай құрамалары жасыл алаңда жолықты.

Бұған дейінгі әлем чемпионаттарының тарихына көз жүгіртер болсақ, екінші турдан кейін-ақ бірқатар құраманың плей-офф кезеңіне жолдама алғаны, турнирмен қоштасатын аутсайдерлер белгілі болып қоятын. Ал Қатардағы доп додасының 2-турынан кейін небәрі үш құрама ғана келесі кезеңге шықты. Олар: Франция, Бразилия және Португалия. Жарыс қожайыны Қатар мен Канада әлем чемпионатындағы жорығын топтық кезеңнен аяқтайтын болды. Десе де, әлі 27 құраманың келесі кезеңге шығу мүмкіндігі сақталып тұр. Бұл – футбол жанкүйерлерін кеше басталған үшінші турда бірінен-бірі өтетін тартысты матчтар күтіп тұр деген сөз.

G тобының екінші турында Камерун мен Сербия құрамалары бір-бірінің қақпасына үш голдан соқса да, екеуі де үш ұпай олжалап алмады. 2019 жылы пайдалануға берілген «Әл-Жануб» стадионында өткен кездесу 3:3 есебімен тең аяқталды. Бұл – екінші турдағы матчтарда ең көп гол соғылған және ең ірі есеп тіркелген жалғыз матч болды. Кездесудің есебін 29-минутта Камерун құрамасының орталық қорғаушысы Жан Каstellетто ашты. Бұрыштамадан асырылған доп бірінші Никола Н'Кулудың басына тиіп, кейіннен Каstellеттоның аяғынан табылды. Қақпаның алдында қараусыз тұрған Жан Сербия қақпасына оп-оңай гол соғып кетті.

45 минут бойы таразы басын теңестіре алмаған сербиялықтар бірінші таймға қосылған алты минуттың ішінде екі гол соғып, таразы басын теңестіріп қана қоймай, есепте алға шығып алды. 46-минутта Страхиња Павлович айып добынан асырылған пасты нәтижелі аяқтап, арада екі минут өткенде Сергей Милинкович-Савич бұрыштамадан гол соқты.

Екінші тайм басталған бетте Сербия футболшылары тағы да камерундықтарды қапы қалдырды. 51-минутта еуропалықтардың комбинациялық шабуылын Александр

Митрович голмен түйіндеді – 3:1. Кейіннен Камерун футболшылары алаң ортасында белсенді ойнай бастады. Сөйтіп, айналдырған үш минутта африкалықтар таблодағы көрсеткішті 3:3-ке жеткізді. 63-минутта Венсан Абубакар мергендігімен көзге түссе, 66-минутта Эрик Максим Шупо-Мотинг ойынның нүктесін қойды.

«Stadium 974» стадионындағы екінші матчта Бразилия Швейцарияны бір доп айырмасымен жеңіп (1:0), Францияның соңынан екінші болып плей-офф кезеңіне шықты. Еуропада Италиядан кейін қорғаныста сауаты ойнайтын швейцариялықтар бұл матчта Бразилия құрамасының шабуылшыларын әбден әбігерге салды. Бірінші таймда бес дүркін әлем чемпиондары гол соға алмағанымен, екінші таймда бәрібір өз дегендеріне жетті. Алғашқы турда Сербия қақпасына екі гол соққан Ришарлисон бұл матчта да мергендік танытқан еді. Алайда төреші гол соғылған сәтті VAR арқылы қайта қарап, Ришарлисонның ойыннан тыс қалғанын мәлімдеп, соғылған голды есептемей қойды. Десе де матчтың аяқталуына санаулы минут қалғанда Каземиро өзінің жойқын соққысымен көзге түсіп, командасын 1/8 финалға шығарды.

H тобының алғашқы ойынында Корея футболшылары Африканың төрт дүркін чемпионы Гана құрамасын жеңе алмады – 3:2. Қатардың Әл-Раин қаласында орналасқан «Эдьюкейшн Сити» стадионында 100 минутқа жалғасқан матчтың бірінші таймында Гана футболшылары айқын басымдық танытты. 24-минутта Мұхаммед Салису нысананы дәл көздесе, арада 10 минут өткенде Мұхаммед Кудус корейлық қақпашыны қапы қалдырды – 2:0.

Екінші тайм басталған бетте Корея құрамасының шабуылшысы Чжо Гю Сон екі бірдей жылдам голының арқасында таразы басын теңестіріп, Гананың қарқынның қайтарғандай болды. Дегенмен, корейлық футболшылардан камбэк күткен жанкүйерлердің қуанышын 68-минутта Мұхаммад Кудус су сенкенді басты. Ойындағы екінші голын соққан ол командасына үшінші тур ойындары алдында маңызды үш ұпай сыйлады.

Екінші турды Португалия мен

Уругвай құрамалары түйіндеді. Бірінші турда Гана құрамасын 3:2 есебімен әрең жеңген португалиялықтар бұл турда Уругвайды еш қиындықсыз тізе бүктірді – 2:0. Бірінші таймда 2016 жылғы Еуропа чемпиондары допка иелік ету бойынша айқын басымдыққа ие болғанымен, қарсыластары қақпасына небәрі бір ғана дәл соққы бағыттай алды. Сөйтіп, бірінші таймда бірде-бір гол көрмеген жанкүйерлер екінші таймда екі голдың куәсі болды. 54-минутта «Манчестер Юнайтед» пен Португалия құрамасының жартылай қорғаушысы Бруну Фернандеш гол соққанда қызық жағдай тіркелді. Алғашында Фернандеш тепкен допты Криштиану Роналду баспен қақпаға бағыттап жібергенді көрініп, матч хаттамасына Роналдудың есімі жазылған-ды. Кейіннен бұл голға Криштианудың еш қатысы жоқ екені анықталып, ойын хаттамасына Бруну Фернандештің есімі жазылды. Кездесудің соңында төреші Уругвай қақпасына 11 метрлік айып добын белгіледі. Оны Бруну сәтті орындады. Осылайша, екі ойында 6 ұпай жинаған Португалия плей-офф кезеңіне мерзімінен бұрын шыққан үшінші құрама атанды.

ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛЕ БАСТАДЫ

29.11.2022 ЖЫЛ

Сейсенбі күні Қатарда өтіп жатқан футболдан әлем чемпионатының топтық кезеңіндегі соңғы тур ойындарына старт берілді. А тобының шешуші бәсекесінде Нидерланд – Қатар, Эквадор – Сенегал құрамалары сынға түссе, В тобындағы 3-турда Уэльс – Англия, Иран – АҚШ футболшылары плей-офф бәсекесінің екі жолдамасын сарапқа салды.

Әдетте футбол жанкүйерлері әлем чемпионаты, Еуропа біріншілігі сияқты ірі турнирлердің соңғы турында тек формалды матчтарды ғана тамашалайтын. Яғни фавориттер бар мәселені мерзімінен бұрын шешіп тастап, кей топтарда құрамалар көбіне екінші жолдамаға және топтағы бірінші орынға талас жүргізетін. Ал биылғы әлем біріншілігінің соңғы

туры алдында барлық құрамада дерлік плей-офф кезеңіне шығу мүмкіндігі сақталып қалды. Бірақ шешуші матчтардағы бір ғана қателік, сол құраманы аяқтан шалуы мүмкін еді. Мәселен, кешегі Эквадор мен Сенегал, Иран мен АҚШ арасындағы матчта Эквадор және Иран құрамалары сол қателіктерінің салдарынан топтық кезеңнен шыға алмай қалды.

А тобының соңғы тур матчтары қарсаңында Нидерландтың өзге қарсыластарына қарағанда плей-оффқа еш қиындықсыз шығатыны, ал Қатардың екінші турдан кейін-ақ топтық кезеңнен әріге аса алмайтыны белгілі еді. Жанкүйерлер тарапынан Нидерланд – Қатар матчына көп ықылас бола қоймағаны сондықтан. Оның үстіне, екі турда қарсыластарына ұпай таратқан Қатардың сенсация жасап, Нидерланд құрамасын жеңе алмайтыны да түсінікті еді. «Әл Байт» стадионындағы матчтың бірінші таймында Коди Гапко мен екінші таймындағы Френки де Йонгтің голынан кейін Нидерланд футболшылары 2:0 есебімен жеңіске жетті.

Ал бұл топтың тартысты матчты Сенегал мен Эквадор құрамалары арасында өтті. Себебі екі құраманың да келесі кезеңге шығуға толық мүмкіндігі бар. Мәселен, Сенегал футболшыларына жеңіске жеткен жағдайда ғана плей-офф жолдамасы бұйыратын болса, Эквадорға тең нәтиже де жеткілікті еді. Алайда Оңтүстік Америка құрлығының өкілдері бұл мүмкіндікті пайдалана алмады. Бірінші тайм аяқталар тұста төреші Эквадор қақпасына пенальти белгіледі. Оны Сенегалдың футболшысы Исмаила Сарр сәтті орындап, құрамасын есепте алға шығарды. Екінші таймда Эквадор өкілі Моисес Кайседо таразы басын теңестіріп, жанкүйерлерін бір сәтке қуанышқа бөлеген еді. Бірақ арада екі минут өткенде Сенегал капитаны Калиду Кулибали гол соғып, құрамасын 1/8 финалға шығарса, Эквадор футболшылары жанкүйерлерімен қоса еліне қайтарды.

В тобындағы квартетте Иран, АҚШ және Уэльс құрамаларына қарағанда Англияның келесі кезеңге өту мүмкіндігі жоғары болатын. Ағылшындар Уэльстен 4:0 есебімен жеңілген жағдайда ғана топтан шыға алмайтын еді. Ал Уэльсті тек жеңіс қана қанағаттандыратын, онда да Иран мен АҚШ құрамалары тең ойнауға тиіс. Алайда Қатардағы Британия дербиінде Англияның, Иран – АҚШ бәсекесінде америкалықтардың мерейі үстем болды.

Алғашқы турда Иранды 6:2 есебімен тізе бүктірген ағылшындар екінші ойында АҚШ қақпасына бірде-бір гол соға алмай, әбден пұшайман болған-ды. Содан болар, Гарет Саутгейт жетекшілік ететін Тұманды Альбион өкілдері кешегі матчта Уэльс қақпасына жауапсыз үш гол соқты. Екінші таймның 50-минутында Маркус Рашфорд матчтың есебін ашса, арада екі минут өткенде Фил Фоден мергендігімен көзге түсті. Ал 68-минутта дубльдің авторы атанған Рашфорд ойынның нүктесін қойды.

Ал қатарлас өткен екінші матчта АҚШ құрамасы Кристиан Пулишичтің бірінші таймда соққан жалғыз голының арқасында Иранды жарыс жолынан ығыстырып, 1/8 финалға жолдама алды. Топтық кезеңнің ең бір қызықты матчына баланған ойында



ҚАРАТҚАН МУНДИАЛЬ

көпшілік азиялық құраманың тілеуін тілегені белгілі. Дегенмен Парсы шығанағы өкілдері Қатардың соңына ілесіп, әлем чемпионатымен ерте қоштасты. АҚШ пен Иран футболшылары 1998 жылы Францияда ұйымдастырылған әлемдік доп додасының бір тобында өнер көрсетіп, сол кезде де дәл осындай шешуші турда бір-бірімен кездескен. Екі құрама үшін еш маңызы болмаған сол матчта Иран құрамасы 2:1 есебімен жеңіс тойын тойлаған еді. Араға 24 жыл салып АҚШ Ираннан есе қайтарып қана қоймай, өз тарихында үшінші мәрте 1/8 кезеңге жолдама алды.

Осылайша, А және В топтарының үшінші тур матчтарынан кейін 1/8 финалда кездесетін алғашқы екі жұп белгілі болды. Плей-оффта А тобының жеңімпазы Нидерланд В тобында екінші орын алған АҚШ құрамасымен (3 желтоқсан), А тобының екінші орын иегері Сенегал В тобының үздігі Англиямен (4 желтоқсан) кездеседі.

ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛЕ БАСТАДЫ

30.11.2022 ЖЫЛ

Футболдан Қатарда өтіп жатқан әлем чемпионатының кезекті күнінде жанкүйерлер топтық кезеңнің тағы төрт матчы тамашалады. Сәрсенбі күні D тобындағы Тунис – Франция, Аустралия – Дания құрамалары жасыл алаңда кездесе, С тобының төрттігі – Польша – Аргентина, Сауд Арабиясы – Мексика плей-оффтың жолдамасын сарапқа салды.

Бұл күні D тобының матчтарына қарағанда, С квартетінің кездесулері аса тартысты өтіп, жанкүйерлер назарын өзіне аударды. Өйткені бұл топтағы барлық құрамада келесі кезеңге шығу мүмкіндігі болды. Мәселен, 1/8 кезеңіне жолдама алу үшін Аргентина мен Польшаға тең нәтиже де жеткілікті еді, ал Мексика мен Сауд Арабиясын тек ірі есептегі жеңіс қана қанағаттандыратын. Дегенмен Аргентина Польшаны 2:0 есебімен тізе бүктірсен де, еуропалықтарды өзімен бірге келесі кезеңге алып шықты. Ал қатарлас өткен екінші кездесуде Мексика Саудияны 2:1 есебімен ұтқанымен, «Ацтектер» елі үш турда да өз қақпасына көп гол



өткізіп алғандықтан, топтық кезеңде қалып қойды.

Польша құрамасын әлем чемпионатының плей-офф сатысына аргентиналықтардың аяушылығы мен қақпашы Войцех Щенснийдың ерлігі алып шықты десе де болады. Себебі Аргентина бұл кездесуде Польша қақпасына 13 мәрте дәл соққы бағыттап, соның екеуін ғана голға айналдыра алды. Ал Войцех 11 мәрте сейв жасады. Тіпті ол бірінші таймда Лионель Месси тепкен 11 метрлік айып добын қайтарып, кездесудің соңында матчтың қаһарманына айналды. Егер Месси пенальтиден гол соғып кеткенде, Польша футболшылары чемпионатпен қоштасуы да мүмкін еді. Сонымен қатар Месси бұл сәтсіздігінен кейін әлем чемпионаттарында гол соғу бойынша Марадона, Криштиану Роналду, Ривалдо, Руди Феллер, Адемира және Оскар Мигестердің алдына шығып алу мүмкіндігін пайдалана алмады. Қазір бұл футболшылардың бәрі біріншілікте 8 голдан соққан.

Бұл матчта «Ювентус қақпашысы 1974 жылғы әлем чемпионатындағы отандасы Ян Томашевскийдің және 2002 жылғы әлемдік додада өнер көрсеткен америкалық Брэд

Фридельдің жетістігін қайталады. Яғни үш қақпашы да бір әлем чемпионатында екі пенальтиді қайтарған.

Екінші таймда Аргентина сапынан Алексис Макаллистер (49-минут) мен Хулиан Альварес (69) мергендігімен көзге түсіп, Аргентинаны келесі кезеңге шығарды. Осылайша, алғашқы турда Сауд Арабиясынан жеңілген аргентиналықтар кейінгі екі матчта алты ұпай олжалап, ол жеңілістің кездейсоқ екенін дәлелдеді. Ал Польша 1986 жылғы әлем біріншілігінен кейін алғаш рет мундиальдың плей-офф сатысына жолдама алды.

Қатардың 500 мыңға жуық тұрғыны бар Лусаил қаласында орналасқан «Лусаил Айконик» стадионындағы екінші матчта Сауд Арабиясы алғашқы турдағыдай сенсация жасай алмады. Арабтардың бірінші турдағы ірі жеңісінен көпшілік жанкүйер оларды бұл топта екінші орынмен келесі кезеңге шығады деп болжаған еді. Бірақ екінші турда Польшадан ұтылған олар соңғы турда да Мексикадан жеңіліп қалды – 2:1.

Екі елдің футболшылары бірінші таймда бір-бірінің қақпасына гол соға алмағанымен, жанкүйерлер екінші таймда үш голдың куәсі болды. Мексика сапынан 48-минутта Энри

Мартин, 52-минутта Луис Чавес мергендігімен көзге түсті. Ал матчтың соңғы минутында Сауд Арабиясы құрамасынан Сәлем Әл Давсари нысананы дәл көздеп, осы матчтағы және өз құрамасының әлем біріншілігіндегі соңғы голын соқты. Бір қызығы, «Лусаил Айконик» стадионындағы матчтарда құрамалар үш голдан артық доп соға алмай жатыр. Мәселен, бұл арена бүгінге дейін әлем чемпионатының бес матчы қабылдаса, соның екеуінде – 2:1, қалған үш матчта 2:0 есебі тіркелген екен.

Ал С тобындағы жалғыз жолдаманы Аустралия мен Дания құрамалары сарапқа салып, «жасыл құрлық» өкілдері қатарынан бесінші рет әлем чемпионатының плей-офф кезеңіне жолдама алды – 1:0. Кездесудің тағдырын шешкен жалғыз голды екінші таймның 61-минутында Мэттью Леки салды. Жасыратыны жоқ, екі турда бір-ақ ұпай жинаған Данияға қарағанда бір жеңісі бар аустралиялықтардың келесі кезеңге шығу мүмкіндігі жоғары еді. Десе де, даңқты бапкер Каспер Юльманн жетекшілік ететін Дания құрамасы қарсыластарын тек ірі есеппен жеңген жағдайда ғана 1/8 финалға жолдама алатын. Өкінішке

қарай, Дания футболшылары 90 минут бойы допқа иелік етіп, Мэттью Райан қақпасына 13 рет соққы жасағанымен, оның бірде-бірін голға айналдыра алмады. Ал көбірек қорғанысқа көңіл бөліп, қарсы шабуылға иек артқан Азия құрлығының өкілдері бір ғана мүмкіндігін тиімді пайдаланып, Каспер Шмейхель қорғаған қақпадан саңылау тапты. 2018 жылғы әлемдік доданың 1/8 кезеңіне шыққан Дания биыл сол жетістігін қайталай алмай, пұшайман болды.

Келесі кезеңнің жолдамасын мерзімінен бұрын шешіп қойған Франция Тунис құрамасымен өткен ойында алаңға екінші құрамның футболшыларын шығарды. Дидье Дешам осы арқылы негізгі құрамды маңызды матчтар алдында бір тынықтырып алса, алаңға аз шығып жүрген футболшыларға тағы бір мүмкіндік берді. Өйтсе де, әлем чемпионы дейтін дардай атағы бар Франция құрамасында осал футболшының болмайтыны түсінікті ғой. Бірақ кешегі матчта олардың күші Тунисті тізе бүктіруге жетпеді. 58-минуттағы Вахби Хазридің голы Туниске жеңіс сыйлағанымен, келесі кезеңге шығуға жеткіліксіз болды. 90+8 минутта Франция сапынан Антуан Гризманн таразы басын теңестірген еді. Бірақ гол соғылған сәтті видео қайталаудан көрген төреші голды есепке алған жоқ.

Осылайша, С және D топтарының үшінші тур матчтарынан кейін турнирдің 1/8 финалына шыққан тағы төрт құрама анықталды. Сөйтіп, 3 желтоқсанда өтетін плей-офф бәсекесінде Аргентина Аустралиямен, 4 желтоқсандағы матчта Польша Франциямен кездесетін болды.

Сондай-ақ кеше Е тобындағы екі жолдаманы Жапония мен Испания, Коста-Рика мен Германия құрамалары, F тобында Хорватия мен Бельгия, Канада мен Марокко сарапқа салды. Ал жанкүйерлер G тобындағы Камерун – Бразилия, Сербия – Швейцария және H тобындағы Корея – Португалия, Гана – Уругвай құрамаларының ойындарын тамашалайды. Осы матчтармен биылғы әлем біріншілігінің топтық кезеңіндегі бәсекелер аяқталса, сенбі күні 1/8 финал матчтары басталады.

Дайындаған – Заңғар КЕРІМ

200 МИЛЛИАРДТЫҚ ДОП ДОДАНЫҢ ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕГІ

• Футболдан әлем чемпионаты Қатардың бес қаласында орналасқан сегіз стадионда өтіп жатыр. Олар – Лусаилдағы «Ұлттық стадион» (80 000 көрерменге есептелген), Әл-Хаурдағы «Әл-Байт» (60 000), Дохадағы «974 стадионы» (40 000) мен «Әл-Тумама» (40 000), Эр-Райяндағы «Халифа» (45 416) мен «Эдьюкейшн Сити» (45 350) және Әл-Вакрадағы «Ахмед бин Әли» (44 740) мен Әл-Джануб (40 000). Доп додасының өтуіне орай арнайы салынған алғашқы стадионның іргетасы 2013 жылы қаланып, төрт жылдан кейін құрылыс жұмыстары толықтай аяқталды. Бұл нысандардың барлығы да 2021 жылы пайдалануға берілді.

• Бұл – Азия құрлығында өтіп жатқан екінші әлемдік доп додасы. Алғаш рет 2002 жылғы жарысты Жапония мен Оңтүстік Корея қабылдаған болатын. Міне, содан кейін араға 20 жыл салып, мундиаль қайта сары құрлықта өтуде. Десек те, бұл – араб мемлекетінде жалауы желбіреген тұңғыш байрақты бәсеке. Оны ұйымдастыру іс-шараларына 200 миллиард АҚШ долларынан аса қаражат жұмсалды. Бұған дейінгі әлем чемпионаттарында дәл осындай мол көлемде қаржы жұмсалмаған еді.

• Әлем чемпионаты алғаш рет күз айларының аяғы мен қыста өтіп жатыр. Өйткені жазда Қатарда ауаның температурасы 50 градусқа дейін көтеріледі. Сол себепті ондай аптап ыстықта доп тебу мүлдем мүмкін емес. Ал қараша мен желтоқсан айларында термометр тілі 20,8-25,4 градусын көрсетеді.

• Қатарда 32 мемлекеттің ұлттық құрамалары өзара шеберлік байқасуда. Олар төрт-төрттен сегіз топқа бөлінді. Әр топтан үздік шыққан екі команда плей-оффқа жолдама алады. Топтық турнир 20 қараша мен 2 желтоқсан аралығында өтеді. 1/8 финалдық сайыстарды 3-6 желтоқсан аралығында тамашалаймыз. Ширек финалға шыққандар 9-10 желтоқсанда өзара күш сынасады. Жартылай финалдық бәсекелерді 13 және 14 желтоқсанда көреміз. 17 желтоқсанда Дохадағы «Халифа» стадионында қола жүлдегер анықталады. Ал бас жүлде үшін тартыс 18 желтоқсанда Лусаилдағы «Ұлттық стадионда» өтеді.

• Биылғы әлем чемпионатының жүлде қоры 440 миллион АҚШ долларын құрап отыр. Бас жүлдені олжалаған команда 42 миллион алса, финалда ұтылғаны 30 миллионды еншілейді.



Қола жүлдегерге 27 миллион табыс етілсе, төртінші орынға тұрақтағанға 25 миллион тиесілі болады. Ширек финалға шыққандар 17 миллионнан алса, плей-оффтың алғашқы кезеңінде сүрінгендердің есебиотына 13 миллион ауадырады. Аталған жарысқа қатысқаны үшін ғана командаларға 9 миллионнан берілсе, дайындық жұмыстарына тағы 1,5 миллион бөлінеді. Сонымен қатар ФИФА өз ойыншыларын мундиальға жіберген клубтарға өтемақы ретінде қосымша 209 миллион төлеудің қарастырып отыр. Осы шығынның барлығын қоса есептегенде, бұл сома 1 миллиард доллардан асады.

• Бұған дейінгі әлем чемпионаттарында қатысушыларға мынадай сомада қаражат төленген: 2018 жыл – 791 миллион, 2014 – 576 миллион, 2010 жыл – 420 миллион, 2006 – 282 миллион, 2002 – 156 миллион және 1998 – 103 миллион АҚШ доллары.

• Дүниежүзілік доп додасында Мюнхеннің «Бавариясының» 17 ойыншысы жасыл алаңға шығады. Тарқатып айтсақ, Мануэль Нойер, Леон Горецка, Серж Гнабри, Лерой Зане,

Джамал Мусиала, Йозуа Киммих және Томас Мюллер Германияның намысын қорғайды. Францияның құрамында мюнхендік клубтың төрт футболшысы ойнайды. Олар – Лукас Эрнандес, Дайо Юпамекано, Бенжамен Павар және Кингли Коман. Ал Эрик Шупо-Мотинг Камерунның, Альфонсо Дэвис Канаданың, Йосип Станишич Хорватияның, Нуссайр Мазрауи Марокконың, Маттейс де Лигт Нидерландтың және Садио Мане Сенегалдың сапында өнер көрсетеді. Сонымен қатар Қатарға «Манчестер Сити» мен «Барселонаның» – 16, «Манчестер Юнайтедтің» – 14 және «Реалдың» 13 ойыншысы келді.

• Биылғы әлем чемпионатында өнер көрсететін ең үлкен ойыншы – 40 жастағы қақпашы Альфредо Талавера. Ол 1982 жылдың 18 қыркүйегінде Мексиканың Халиско штатындағы Ла-Барка қаласында дүниеге келді. «Гвадалахара» академиясының түлегі 2011 жылы өз елінің ұлттық құрама командасының сапына қабылданды. Сол кезден бері 33 рет жасыл алаңға шығып, 18 доп жіберіп алды. Сондай-ақ

«қарт» ойыншылардың қатарында 39 жастағы канадалық Атиба Хатчинсон (08.02.1983), португалиялық Пене (26.08.1983), жапониялық Кавасима (20.03.1983) және бразилиялық Дани Алвес (06.05.1983) сынды саңлақтар бар.

• Қатардағы ең жас ойыншылардың көшін 20 қарашада 18 жасқа толған Юсуфа Мукоко бастап тұр. Ол Камерунда дүниеге келгенімен, балалық шағы Германияда өтті. Жасөспірімдер мен жастар буыны арасындағы жарыстарда жасындай жарқылдаған шабуылшы бұл күндері Дортмундтың «Боруссиясы» сапында өнер көрсетеді. Бұл жігітке бундеслигадағы көптеген рекорд тиесілі. Үстіміздегі жылдың 16 қарашасында Оманға қарсы жолдастық кездесуде Мукоко алғаш рет Германияның ұлттық құрамасы сапында алаңға шықты. Сондай-ақ ең жас ойыншылардың тізіміне 18 жастағы аустралиялық Гаранг Куол (15.09.2004), испаниялық Гави (6.08.2004), костарикалық Джевисон Беннетт (15.06.2004) және марокколық Біләл Әл-Ганнус (10.05.2004) сынды сайыпқырандар еніп отыр.

ЖАСТАРДЫҢ ҚАРҚЫНЫ КҮШТІ

АТЫРАУДА ДЗЮДОДАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ БАРЛЫҚ АЙМАҒЫНАН КЕЛГЕН БЕЛДІ БАЛУАНДАРДЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ЖАРЫСТА ТОСЫН НӘТИЖЕЛЕР КӨП ТІРКЕЛДІ. КЕЙБІР САЛМАҚ ДӘРЕЖЕЛЕРІНДЕ БІРАЗ ЖЫЛДАН БЕРІ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА САПЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТІП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАЛАРДА ЕЛ НАМЫСЫН АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАП ЖҮРГЕН САҚА СПОРТШЫЛАР ЖАСТАРҒА ЖОЛ БЕРДІ.

60 келі салмақ дәрежесінің басты фавориті Елдос Сметов бұл жарыстан босатылғандықтан, жанкүйерлердің пайымдауына, бас жүлде үшін тартыс ұлттық құрама мүшелері Мағжан Шамшаддин, Бауыржан Жауынтаев, Бауыржан Нарбаев және Шерзод Давлатов арасында өрбуге тиіс еді. Мамандардың пікірі соған сай келді. Бірақ бұл болжамның бәрі қате болды. Жоғарыда есімдері аталған сол төрт мықтының арасынан тек Жауынтаев қана жеңіс тұғырына көтеріле алды. Жартылай финалда Мерей Марханбетовтен жеңілген ол қола медальды қанағат тұтты. Ал қалғандары тұсаукесер кездесулерінде сүрінді. Атап айтсақ, Давлатов пен Шамшаддинді Дәурен Сүйкенов сүріндірді. Нарбаев болса, Жақсыбек Жеңісбектен жеңілді. Алайда саңлақтарды сан соқтырған дзюдошылардың өздері де ұзаққа шаппады. Нәтижесінде, аса жеңіл салмақтағы 56 балуанның басын қосқан бәсекеде атыраулық Қанат Сейілханның бақ жұлдызы жанды. Жартылай финалда жетісулық Дамир Болатбековті жеңген ол ақтық сында маңғыстаулық Мерей Марханбетовтен айласын асырды. Қызылордалық Бауыржан Жауынтаевпен бірге елордадан келген Ержан Еренғайыпов та қола медальды еншіледі.

66 келі салмақтағы еліміздің бірінші нөмірлі дзюдошысы Ғұсман Қырғызбаев екені сөзсіз. Бірақ бұл жолы оның жолы болмады. Әлем чемпионатының күміс жүлдегері деген дардай атағы бар қандасымыз «шүү» дегенде Нұр Аманшүкіровтен ұтылды.

Ғұсманың егізі – Ғұмар Қырғызбаев татым сүреңсіз өнер көрсетті. Алғашқы кездесуін жеңіспен аяқтаған ол, екіншісінде Ермек Аманкелдіге есе жіберді. Бұл салмақта Есет Қуановтың қарқыны күшті болды. Кезінде самбодан әлем чемпионы, Әлем кубогінің иегері, екі дүркін әлем біріншілігінің қола жүлдегері атанған 30 жастағы Ақтөбенің арланы соңғы кездері дзюдошылар додасында да дараланып жүр. Осы жарыста барлық қарсыласын жолынан ығыстырған ол бас жүлдені қанжығасына байлады. Финалда Есет Маңғыстау облысының өкілі Сұңғат Жұбатқанды жеңді. Қола медаль татами қожайындары Айболат Ыстыбай мен Ермек Аманкелдіге бұйырды.

73 келі салмақта Данияр Шамшаевтың асқан шеберлігіне тәнті болдық. Жамбыл облысының атынан сынға түсіп жүрген жас жолбарыс биыл тамыз айында Астанада өткен Азия чемпионатында Қазақстан балуандары арасынан жалғыз өзі алтын тұғырға көтерілген еді. Өкінішке қарай, Ташкенттегі әлемдік додада оның бағы жанбады. Есесіне Атырауда Данияр дара шықты. Бастапқы бәсекелерде Бекнұр Тәңірберген, Махамбет Сағатбеков, Ермат Есқазиевті еңсерген ол жартылай финалда Асқар Наркұловты тізе бүктірді. Ақтық айқаста Шамшаев оралдық Аңсарбек Ғайнуллинді еш қиналмай жеңді. Маңғыстаулық Наркұлов пен жетісулық Дархан Қойбағар үшінші орындарды иеленді.

81 келі салмақта өскемендік Мадияр Сембаев – бірінші, Бекәділ



Шаймерденов – екінші және ақтөбелік Нұржан Бисенов пен абайлық Жалғас Қайролла үшінші орындарды еншіледі. Көпшілік 90 келі салмақ дәрежесінің ширек финалдық сайысын қызыға тамашалады. Бұл межеде сақа спортшылар – түркістандық Дидар Хамза мен шымкенттік Ерсұлтан Мұзафаровтың жолдары қиысты. Бұл тартыс Азия ойындарының жеңімпазы, құрлық біріншілігінің жүлдегері, Олимпия ойындарына қатысушы Хамзаның пайдасына шешілді. Финалда Дидар өзінің жерлесі Айдар Араповтан айласын асырды. Жетісулық Мұхаммедәлі Мавлидов пен алматылық Ерасыл Жанатаевтың мойнында қола медаль жарқырады.

100 келі салмақтың басты фавориті Ислам Бозбаев үшінші айналмынан аса алмады. Ол жамбылдық Данил Федоровқа жол берді. Бұл салмақта Бекарыс Сәдуақасқа тең келер ешкім табылмады. 2018 жылы Аргентинаның астанасында алауы тұтанған Дүниежүзілік жасөспірімдер олимпиадасының жеңімпазы атанғаннан кейін жас балуанның жолына үлкен үмітпен қарап едік. Бірақ содан

кейін біраз уақыт бойы ол жарқын жеңістерімен өз жанкүйерлерін қуанта алмады. Бұл жолы біз дәл сол Буэнос-Айрестегі Бекарысты көрдік. Өзіне сенімді, өжет және қайсар мінезін танбаған 22 жастағы дзюдошы алғашқы екі қарсыласын ұпай санымен ұтса, одан кейінгі үшеуін иппонмен, яғни таза жеңді. Нәтижесінде, Бекарыс Сәдуақас ел чемпионы атанды. Күміс медальды атыраулық Бекзат Шағатаев иеленсе, қола жүлдені тағы бір татами иесі Сұңғат Закарияев пен қызылордалық Нұрлыхан Шархан иемденді.

Алыптардың айқасы Әділ Оразбаевтың жеңісімен аяқталды. Әділ финалда жамбылдық Жамбыл Тұрғыналиевті шаң қаптырып кетті. Қызылордалық Еламан Ергалиев пен павлодарлық Серік Сәлменов үшінші тұғырға көтерілді. Аса ауыр салмақта Еламаннан бөлек, әр жылдары «Қазақстан Барысы» турнирінде елеулі табыстарға қол жеткізген қазақ күресінің хас шеберлерінің де қалың шоғыры өнер көрсетті. Алайда Ерасыл Қажыбаев, Нұрдәулет Жарылғапов, Талғат Әміренов және Ғалымжан

Қырықбай сынды түйе балуандардың бұл жарыста бақтары жанбады.

– Атыраудағы жарыстың деңгейі өте жоғары болды. Ел чемпионатын осындай жоғары дәрежеде ұйымдастырған жергілікті спорт басқармасы мен республикалық Дзюдо федерациясына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Жеке мені чемпиондарды тұғырдан тайдырған жас балуандардың қарқыны қатты қуантты. Алдағы уақытта сол жігіттер халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғайтынына сенімдімін. Және де өзіміздің шәкіртін Бекарыс Сәдуақастың өнеріне риза болдым. Осы жолы ол өзінің мықтылығын түбегейлі мойындатып, 100 келі салмақ дәрежесінде бас жүлдені олжалады, – деді дзюдодан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Берік Жетпісбаев.

Ал әйелдер арасындағы жарыстың нәтижесі мынадай: **48 келі:** 1. Ғалия Тыныбаева (Алматы қаласы), 2. Сара Құлым (Түркістан), 3. Ирина Дубовская (Жетісу) мен Айкүнім Түйтекова (Алматы облысы). **52 келі:** 1. Әйгерім Әбілқадырова (Астана), 2. Толғанай Әбеуова (Ақмола), 3. Гүлдана Әлмұхамбетова (Маңғыстау) мен Құндыз Жылқыбай (Қызылорда). **57 келі:** 1. Бақыт Құсақбаева (Ақтөбе), 2. Дана Әбдірова (Атырау), 3. Балнұр Құрманбай (Алматы қаласы) мен Рауза Нұрмұхамметова (Жамбыл). **63 келі:** 1. Есмегүл Қулова (Атырау), 2. Мөлдір Нарынова (Жетісу), 3. Зарина Сәріпова (Абай) мен Самалай Ергалиева (Қостанай). **70 келі:** 1. Анастасия Маякова (Ақмола), 2. Анастасия Морозова (Алматы қаласы), 3. Ажар Асхат (Абай) пен Перизат Жақыпбекова (Түркістан). **78 келі:** 1. Аруна Жангелдина (Ақтөбе), 2. Назерке Тілеуханова (Шымкент), 3. Лаура Жәнібекова (Қарағанды) мен Әсел Бисенбай (Қызылорда). **+78 келі:** 1. Акерке Рамазанова (Алматы қаласы), 2. Камилла Берлікаш (Жетісу), 3. Анда Тойшыбекова (Қарағанды) мен Альбина Бакиева (Шымкент).

ЕКІ КЕЗДЕСУ – ЕКІ ЖЕҢІЛІС

БИЛГІ ЕУРОПА ФУТБОЛЫНДА КІШІГІРМ СЕНСАЦИЯ ЖАСАП, ҰЛТТАР ЛИГАСЫ ДЕЙТІН ҮЛКЕН ТУРНИРДЕ ТАМАША НӘТИЖЕ КӨРСЕТКЕН ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫНЫҢ ЖІГІТТЕРІ АЗИЯ ФУТБОЛЫНДА ӘЛСІЗДІК ТАНЫТТЫ. БІРЕР АЙ БҰРЫН ҒАНА УЕФА РЕЙТИНГІНДЕ АЛҒАШҚЫ ЖҮЗДІКТЕ ТҰРҒАН СЛОВАКИЯ МЕН БЕЛАРУСЬТЫ САҢ СОҚТЫРҒАН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ӨТКЕН АПТАДА САРЫ ҚҰРЛЫҚТЫҢ ҮЗДІК ҚҰРАМАЛАРЫ САНАЛАТЫН ӨЗБЕКСТАН (0:2) МЕН БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІМЕН (1:2) ЖОЛДАСТЫҚ МАТЧТАР ӨТКІЗІП, ЕКЕУІНЕН ДЕ ЖЕҢІЛІП ҚАЛДЫ.

Өрине, ресми матчтар мен жолдастық кездесулердің дәрежесін, ойында тіркелген нәтижелерін салыстыруға келмейтіні белгілі. Өйткені жаттықтырушылар құрамы да, футболшылар да оған екі түрлі көзқараспен қарайды. Алғашқысы түсінікті, ресми кездесулерде құрамалар алаңға тек жеңіс үшін, үш ұпай олжалау үшін шығады. Ал жолдастық матчтың негізгі мақсаты – ұлттық құрамаға шақыртылған жаңа ойыншыларды сынақтан өткізу, өткен матчтардағы қателіктермен жұмыс істеу, түрлі тактикалық жүрістерді тексеріп көру.

Енді Қазақстан құрамасының Өзбекстан және Біріккен Араб Әмірліктерімен өткізген жолдастық матчтарына кішкене талдау жүргізіп көрейік. Ташкенттегі кездесуде Магомед Адиев жоғарыда атап өткен жолдастық матчтың қай талабын орындады? Ешқайсысын! Біріншіден, ұлттық құраманың жиынына бірді-екілі жаңа футболшыны шақырғанымен, оның ешбірін алаңға шығарған жоқ. Бауыржан Исламханды есепке алмағанда. Қақпада сол баяғы Шацкий, қорғаныстағы бестікте де (Досмағамбетов, Әліп, Марочкин, Малый, Габьшев), орталық алаңдағы төрттікте де (Астанов, Дарабаев, Тағыберген, Оразов) өзгерісті байқай алмадық. Тіпті шабуылда Абылайхан Жұмабек, Максим Самородов секілді жас футболшылар бола тұра, Адиев алаңға Абат Айымбетовті шығарды. Қазақстан құрамасы Ұлттар лигасы аясындағы барлық матчта шамамен осы футболшылармен ойнап шықты. Бүкіл маусым бойы ұлттық құрамада да, өз клубтарында да ойнап, әбден шаршаған ойыншыларды одан әрі қинай берудің не қажеті бар еді. Егер бас бапкер: «Бізге жаңа футболшыларды сынақтан өткізгеннен гөрі, нәтиже маңызды», десе бір жөн.

Екіншіден, бас бапкер құрамаға екі матчта да бірде-бір тактикалық өзгеріс енгізген жоқ. Өзбекстанмен де, БАӘ құрамасымен де сол баяғы бес қорғаушы, төрт жартылай қорғаушы және бір шабуылшымен ойнады. Неге 4-4-2 жүйесін (төрт қорғаушы, төрт жартылай қорғаушы, екі шабуылшы) немесе 3-5-2 тактикасын қолданып көрмеді? Неге қақпада тек Шацкий



тұруы керек? Неге «Қайратта» тамаша маусым өткізген Данил Устименко мен «Астананың» чемпиондығына өз үлесін қосқан Александр Заруцкийге сенім білдірмейді. Тым болмаса, екі матчта екеуіне 45 минут мүмкіндік беріп көруге болар еді ғой. Шабуылда да солай. Жас футболшылардың ұлттық құраманың аурасын сезінген, тәжірибелі ойыншылармен бір алаңда жаттыққаны жақсы. Бірақ оларды әуре қылып жиынға шақырған соң, өзгелермен бірдей жаттығуда тер төккен соң алаңда 10 минут болсын ойнатып көру керек еді ғой.

Абу-Дабидегі «Әл-Нахаян» стадионында өткен матчта да М.Адиев құрамаға айтарлықтай өзгеріс жасаған жоқ. Тек екінші таймда ғана қорғаушы Темірлан Ерланов, шабуылшылар Максим Самородов пен Жақсылықова 20 минуттай мүмкіндік бергенін атап өтпесек, басқа өзгеріс жоқ. Өзбекстанмен болған ойында өрескел қателік жіберген орталық қорғаушылар – Сергей Малый мен Александр Марочкин бұл матчта да сол «ерліктері» қайталады. Алаң иелері дапынан мергендігімен көзге түскен Фабио Лиманың екі голы да қорғаушылардың қателігінен соғылды. Матч аяқталар тұста Марочкин қызыл қағазбен жазаланып, алаңнан қуылды. Адиевтің жолдастық кездесулерден бір түйгені – орталық қорғанысқа жаңа футболшыларды іздеу керек екені шығар. Сондай-ақ байқасаныздар, Ресей чемпионатында өнер көрсететін Бахтиер Зайнутдинов ерекше ойынымен көзге түсе алмады. Тіпті кейде оның алаңда жүргені де байқалған жоқ. Демек Магомед мырза оған әлі алаңдағы лайықты орнын тауып бере алмай жатыр деген сөз.

Ұлттар лигасының бір маусымындағы нәтижесінен кейін Еуропаның ортаңқол командасына айналдық деп бәркімізді аспанға лақтырғанымызбен, кешегі екі матчтағы жеңіліс қуануға әлі ерте екенін, бас бапкерге әлі де тактика жағынан іздене түсу керек екенін байқатты. Азия футболындағы өзімізбен деңгейлес құрамаларды жеңе алмай жатып, әлем немесе Еуропа чемпионатының финалдық кезеңіне шығуды әзірге армандай-ақ қоя тұратын сияқтымыз.

Жолдастық кездесу барысында Біріккен Араб Әмірліктерінің (БАӘ) қақпасына гол соққан Абат Айымбетов Қазақстан ұлттық құрамасы сапындағы ТОП-10 сұрмергеннің қатарына енді.

Сұрмергендер көшін Руслан Балтиев бастап тұр. 1997-2009 жылдар аралығында ұлттық құрама намысын қорғаған жартылай қорғаушы қарсыластар қақпасын 13 мәрте дәл көздеді. Екінші орында – Виктор Зубарев. Ол 1997 жылдан бастап, 2002 жылға дейін Қазақстан құрамасының жейдесін киді. Бойшаң шабуылшы 10 рет нысананы дәл көздеді. Бұл күндері жасыл алаңда жасындай жарқылдап жүрген Бахтиер Зайнутдинов үздік үштікті түйіндеп тұр. Ол – 9 голдың авторы. Сондай-ақ бұл тізімде Дмитрий Бьяков (8 гол), Сергей Хижниченко (8 гол), Нұрбол Жұмасқалиев (7 гол) бар. Ал күні кеше ғана алтыншы мәрте мергендік танытқан Абат Айымбетов осы көрсеткіші жағынан Игорь Авдеев, Олег Литвиненко, Сергей Остапенко және Исламбек Қуатпен теңесті. Олардың барлығы да алты доптан соқты.

«ТӨРТТІК ФИНАЛДАН» ТЫС ҚАЛДЫ

